8 Наурыз

Құтты болсын!

Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 9 (1220)

07.03.2025

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

МЕРЕКЕ

Асыл әжелер мен аяулы апаларды,
барлық әйелдер қауымын мына көңілдір көктем
8 наурыз – күнімен құттықтаймын!
Жаны нәзік болса мінезі жібек қазақ әйелдері мен
аруларымызға мол табыстар мен қуатты
денсаулық, әлемдегі барлық жақсылықтар
сіздерге келсін деп тілеймін!

Б.С. ТҰКІБАЕВ,
"Офсет" баспаханасының бастығы



8 НАУРЫЗ - ӘЙЕЛДІҢ ӘМІРІ ЖҮРЕТІН МЕРЕКЕ

АДАМЗАТ ТАРИХЫНДА ӘЙЕЛДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ ЕРЕКШЕ ЕКЕНДІГІН МОЙЫНДАСАҚ, ӘЙЕЛ – ТЕК ОШАҚ БАСЫНДА ОТЫРЫП, КҮЙЕУІНІҢ АҢҒА ШЫҒЫП, МАМОНТ АЛЫП КЕЛЕТІНІН КҮТЕТІН ЕРТЕ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ӘЙЕЛ ЕМЕС, ОШАҚ КҮЗЕТЕТІН ҮЙ ШЫРАҚШЫСЫ ҒАНА ЕМЕС, ӨЗІНІҢ ҚҰҚЫҒЫН ЕРІ АЛДЫНДА ДА, ҚОҒАМ АЛДЫНДА ДА ҚОРҒАЙ АЛАТЫН КҮРЕСКЕР ЕКЕНІН БАЙҚАЙМЫЗ. ОЛАЙ БОЛСА 8 НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ДА ТЕГІН ЕМЕС. ОНЫҢ ТАРИХЫНА ҮҢІЛІП КӨРСЕК, ӘЙЕЛДЕРДІҢ КҮРЕСКЕРЛІК ҚАСИЕТІ АНЫҚТАЛА ТҮСЕДІ.

Сонау 1857 жылы 8 наурыз күні Нью-Йорктегі тігін және аяқ-киім фабрикаларының жұмысшы әйелдері өз құқығын қорғау үшін манифестке жиналады. Олар 10 сағаттық жұмыс күнін, жарық әрі құрғақ жұмыс орындарын, ер адамдармен бірдей жалақы мөлшерін талап еткен еді. Сөйтіп, 1857 жылы 8 наурыздан бастап кәсіподақ мүшелігіне әйелдер де кіре бастады.

1910 жылы Копенгагенде өткен халықаралық конференцияда Кеңес идеологиясы арқылы аттары бізге танымал Клара Цеткин, кейін Роза Люксембург 8 наурыз күнін халықаралық әйелдер күні ретінде атап өту туралы ұсыныс жасайды. Басты себеп, қоғамда әртүрлі жағдайларға байланысты құқықтары қорғалудан шет қалған жезөкшелерді қорғау.

Олардың да тұрып жатқан елінде басқа әлеуметтік топтар сияқты мемлекеттен көмек алуға, сайлануға, сайлауға қатысуына, заңды құжатталуына құқы бар» деп, жезөкшелерді ұрып-соғып, қуып таратылған «8 наурыз» күнін «жұмысшы» әйелдердің «теңдік үшін күрес» күні ретінде атап өту үшін, көше жезөкшелерін жыл сайын қайта-қайта митингіге алып шыққан.Осылайша әлем елдеріндегі озық ойлы әйелдер «жезөкшелер әйел емес пе, адам емес пе?» - деп, олардың азаматтық, адами құқықтарын қорғай бастаған.

Қоғамның тең праволы құқығы бар мүшесі болу үшін күрескен саяси күн - 8 наурыз күні ,әрине, уақыт келе әйелдер мерекесіне біртіндеп айнала бастады. Әсіресе, біздің социалистік қоғамда «әйел еркекпен тең праволы, оларды ешкім кемсітіп, төмендетпейді» - деп айту үшін мереке идеологиялық сипат алды.

Алайда капиталистік елдер 8 наурызды мереке деп мойындаған жоқ. Әлі де солай. Бірақ көп елде, атап айтқанда: Америкада – «Аналар күні», Францияда – «Әжелер күні», Жапонияда – «Қыздар күні» деген бар. Олар жаз айларында тойланады екен.

Біздің елімізде соңғы кезде осы күнге байланысты түрлі пікірлер айтылып жүр.

- Бұл күн, яғни 8 Наурыз жезөкшелерді қорғайтын күн, сондықтан бұл күнді басқа датаға ауыстыруымыз керек, – деген пікірлерді көріп, естіп жатамыз, сондай-ақ осы мерекеге теріс баға беріп жататындар бар.

- Жеке мереке не керек еркек - әйелдерге, бөлініп жарылмай-ақ «Отбасы күні» деген бар ғой, тойлағымыз келсе сол да жеткілікті ғой дейтіндер бар.

-Қазақстанда жыл сайын қыркүйектің үшінші жексенбісінде Қазақстанның өз мерекесі, ресми түрде 2012 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен бекітілген «Аналар күні» бар. Біз соны неге тойламаймыз? - дейтіндер бар.

Пікір білдіру дұрыс. Десек те, біздің табиғи жаратылысымызды, әйел бойындағы нәзіктікті оятатын табиғаттың өзінің ояну кезеңімен сәйкес келіп жатқан 8 Наурыз мерекесін мойындаған жұрт жоғарыдағы пікірлермен келіспейтінін айтады.

Бұл тұжырымдарды теріс деп есептейтіндер мерекенің тарихын мойындайтындар. Өйткені бұл күнді Біріккен Ұлттар Ұйымы да бекітіп, қазір 8 - Наурызды әлем елдері «Әйелдер мерекесі» ретінде атап жүр. Әйелдер мерекесі болған соң ба, сол күні біз, әйелдер жағы, тым нәзік болып кетеміз. Еркелеп кетеміз. Кез келген өтінішің орындалатын ханшайым болып кетеміз.)))

Өйткені сол күні бізге бүкіл әлем бас игендей болады. Құшағымыз гүлге көңіліміз жылы сөздерге толады. Дана халқымыз «әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» - деп бекер айтпаған ғой. Олай болса, сол әлемді тербеткен әйелдер айналасына шуақ себе жүріп, инабаттылығы мен нәзіктігін жоғалтпай, қиыншылықтарға мойымай алып жүретін қуат иесі болсын! Әлемге нұрын шашқан күндей болып жарқырап жүре берсін дегіміз келеді.



Баян ТАҢАТАРОВА

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

Талдықорғанға қарасты Еркін ауылында гаражда тұрған көлік жарылып, бір адам зардап шекті. Үйдің иесі таңғы жеті шамасында көлігін от алдырмақ болғанда газ-ауа қоспасы жарылған. Салдарынан 40 жастағы ер азаматтың аяқ-қолын күйік шалып, қалалық көпсалалы ауруханаға жеткізілді. Қазіргі жағдайы ауыр. Сондай-ақ үй иесінің әйелі үйінді астынан бір баласын шығарып алған. Бала аман, бірақ ауруханаға алып кеткен. Жарылыстан гараж, қора-қопсы жермен-жексен болып, тұрғын үйдің бір бөлігі қираған. Сондай-ақ дүмпуден көрші үйлердің терезелері де сынған.

* * *

Жетісу облысында көктемгі әскери қызметке шақыру маусымының басталуына байланысты баспасөз мәслихаты өткізілді.

1 наурыз бен 19 маусым аралығында Жетісу облысынан 18 бен 27 жас аралығындағы 2 000 азамат әскери қызметке аттанады. Хабарландырулар әскерге шақырылушылардың тұрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша жүргізіледі.

* * *

Жетісу облысында спорттық инфрақұрылым қарқынды дамып келеді. Өңірде дене шынықтыру және спортпен айналысуға арналған 1099 спорт нысаны жұмыс істейді. 2025 жылы бұл салаға 21,8 млрд теңге бөлінуі жоспарланған.

Облыста әртүрлі елді мекендерде орналасқан 7 дене шынықтыру-сауықтыру кешені жұмыс істейді. Бұдан бөлек, Алакөл ауданының Лепсі ауылында жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен 180 орындық жатақхана құрылысы жүргізілуде. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спортқа ерекше көңіл бөлінуде.

* * *

Өңір басшысы Бейбіт Исабаев инвесторлармен кездесу өткізді. Кездесу барысында тараптар инвестициялық ынтымақтастықтың, соның ішінде агроөнеркәсіптік кешен саласының инвестициялық мүмкіндіктері мен әлеуеті туралы мәселені талқылады.

Атап өтсек, Жетісу облысында Қытайдан келген серіктестердің қатысуымен өнім өңдеу, баламалы энергетика және логистика саласында жалпы сомасы 80 млрд. теңгеден астам сомаға 4 инвестициялық жоба іске асырылған.

* * *

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев Қырғыз Республикасының Алматыдағы Бас консулы Женишбек Асанкуловпен кездесті. Тараптар кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады.

Ресми делегацияны жылы қабылдаған облыс әкімі Бейбіт Исабаев өз сөзінде екі елдің арасындағы туыстық қарым-қатынасты тілге тиек ете келе, Жетісу облысының инвестициялық мүмкіндіктеріне қысқаша тоқталды.

* * *

Талдықорған қаласындағы Достық үйінде республикалық форум аясында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай ескерткіш тақта орнатылды. Салтанатты шараға облыс әкімі Бейбіт Исабаев, облыстық ҚХА мүшелері, этно-мәдени бірлестіктердің өкілдері, депутаттық топ мүшелері мен жастар қатысты.

Шара барысында ҚХА ардагерлеріне, Ассамблеяның құрылымдық бөлімшелері мен этномәдени бірлестіктердің өкілдеріне – жалпы саны 20-ға жуық адамға облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табыс етілді.

Бұдан соң «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл» ескерткіш тақтасының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

* * *

Жетісу облысында Алғыс айту күніне орай «Алғыс керуені» басталды. Шара аясында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымдық бөлімшесінің бірі «Жомарт жан» орталығы мен өңірдің іскер әйелдер кеңесі 100 отбасыға қайырымдылық көмек жасады.

Мерекеде ардагерлер де назардан тыс қалған жоқ. Облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов Ассамблеяның 20 ардагерін және Ұлы Отан соғысының 3 ардагерін құттықтап, облыс басшылығының атынан ізгі тілегін білдірді.

* * *

Жетісу облысында мүгедек жандар үшін ғимараттарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету 69% құрап отыр. Бұл республика бойынша бұл ең жоғарғы көрсеткіш. Осы бағыттағы жұмыс жалғасады.

2022-2024 жылдар аралығында облыс аумағындағы 625 нысан мүгедек жандардың кіріп-шығуына бейімделген. Биыл мемлекеттік және жекеменшік мекемелердің шамамен 195 нысанын бейімдеу жоспарда бар. Мемлекеттік нысандар үшін бюджет қаржысы қарастырылған.

* * *

Алакөл ауданының Д. Қонаев атындағы орталық алаңында «Раздольная Масленица» атты мерекелік іс-шара өтті. Алакөл жұртшылығы бұл күнді ерекше шаттықпен қарсы алып, бірлік пен татулықты ұлықтады. Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары Қуандық Мұхаметқалиев тұрғындарды көктемнің жаршысы болған Масленица мерекесімен құттықтап, бұл мейрамның халықты біріктіріп, шаттық пен мейірімге бөлейтінін атап өтті. Сонымен қатар, мерекенің жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан мекемелер мен кәсіпкерлерге алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

* * *

Ақпан айында жетісулық спортшылар Бангкок қаласында джиу-джитсудан Азия чемпионатында топ жарды, байрақты бәсекеде 30 мемлекеттен 1000-нан астам спортшы қатысып, өз бақтарын сынады.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАҢА ДЕПУТАТЫ САЙЛАНДЫ

Екатерина Смолякова Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінің жаңа депутаты болып сайланды. Ол – Respublica партиясы фракциясының өкілі. Ақпан айының 26-сы күні мәжіліс депутаты ретінде ант қабылдаған ол, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі болып сайланды.



Белгілі болғандай, Екатерина Смолякова Қазақстан-Британ техникалық университетінің әлеуметтік және тәрбие жұмыстары бойынша проректоры қызметін атқарған.

Сонымен қатар, ол Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров университетінің түлегі, әрі «Жалпы қазақ тілі» және «Академиялық қазақ тілі» пәндері бойынша оқытушылық қызметпен айналысқан.

Еске сала кетейік, Мәжіліс депутаты Руслан Берденовтің өкілеттіктері Шымкент қаласы әкімінің орынбасары болып тағайындалуына байланысты тоқтатылған болатын.

Жаңа қызметі арқылы Екатерина Смолякова Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени даму мәселелеріне ықпал етіп, қоғамның әл-ауқатын арттыруға бағытталған жобаларды іске асыруға күш салатын болады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС

Жетісу облысында қаржы пирамидаларына қарсы күрес аясында өткен жылы заңсыз қызмет атқарған төрт қаржы пирамидасының әрекеті әшкереленді. Бұл туралы Жетісу облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Еркін Тюмелиев мәлімдеді.

Қаржы мониторингі агенттігінің мәліметінше, «Qnet», «Amanat Drive», «Elous», «Livegood» сияқты қаржы пирамидаларының заңсыз әрекеттері салдарынан 300-ге жуық азамат 306 миллион теңге шығынға ұшыраған. Жәбірленушілердің негізгі бөлігі – мұғалімдер мен үй шаруасындағы әйелдер.

Сонымен қатар, биыл ақпан айында еліміздің барлық өңірінде ауқымды операция жүргізіліп, «Asar Baspana» қаржы пирамидасының заңсыз қызметі тоқтатылды. Аталған ұйым тұрғын үй кооперативі ретінде жасырынып, азаматтарды жылжымайтын мүлік пен көлік сатып алуға инвестиция салуға шақырған. Ұйымдастырушылар ай сайын 30%-ға дейін пайда береміз деп уәде етіп, халықты алдап келген.

Құқық қорғау органдарының жүргізген арнайы операциясы барысында 1,2 миллиард теңге қолма-қол ақша және 13 автокөлік тәркіленді. Екі ұйымдастырушы қамауға алынып, сот оларды 2 ай мерзімге қамауда ұстау туралы шешім шығарды.

Өңірлік коммуникациялар қызметі



ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚ NIS ОҚУШЫЛАРЫ ТҰРАН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ГРАНТТАРЫН ЖЕҢІП АЛДЫ



Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары Тұран университеті ұйымдастырған халықаралық турнирдің жеңімпаздары атанып, пікірталаста ерекше шеберліктерін көрсетті.

Зияткерлік жарыстар Алматы қаласында өтті, онда еліміздің түкпір-түкпірінен 48 команда жиналып, білімдерін сынады. Пікірсайыс 7 турдан тұрды.

Нәтижесінде Зияткерлер бір жыл бойы Тұран Университетінде тегін оқуға сертификаттар жеңіп алды. Бұл берілген мүмкіндік оқушылардың кәсіби өсуіне жаңа көкжиектер ашады.

– Пікірсайысқа қатысу біздің шешендік шеберлігімізді дамытып қана қоймай, сыни тұрғыдан ойлауға және өз ұстанымымызды дәлелдеуге үйретеді. Ұйымдастырушыларға бірегей алғыс айтамыз, –дейді 11 - сынып оқушысы Айсұлтан Әуелбай.

Пікірталас-білім беру процесінде маңызды рөл атқарады, көпшілік алдында сөйлеу, топтық жұмыс дағдыларын дамытуға көмектеседі. Аталмыш қасиеттер кез-келген салада табысты мансап үшін өте маңызды, ал турнирде жеңіске жету-біздің талантты оқушыларымыздың бастамасы ғана.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АЛАКӨЛДІК ДАРЫН ЖЕҢІС БИІГІНДЕ


2025 жылғы 20-23 ақпан күндері Алматы қаласында оқушылардың зияткерлік, шығармашылық және инженерлік-техникалық қабілеттерін дамытуға бағытталған «First Robotics Almaty Tech Cup 2025, Central Asia FIRST Championship and Drone Racing» халықаралық байқауы өтті.

Жыланды мамандандырылған лицей-интернатының 11-сынып оқушысы Елзат Жанатов ерекше табысқа жетті. Ол робототехника бойынша Орта Азия чемпионатында жоғары нәтижеге қол жеткізіп, Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің толық төрт жылдық грантын жеңіп алды.

Елзаттың бұл жетістігі – оның табанды еңбегінің және кәсіби білікті ұстазы Айдос Ордабаевтың бағыт-бағдар беруінің нәтижесі. Жетекшісінің қолдауы мен оқушының тынымсыз ізденісі осындай биік белесті бағындыруға сеп болды.

Оныңхалықаралықчемпионаттағыжетістіктеріөңірде талантты инженерлер мен бағдарламашылардың өсіп келе жатқанын, әрі олардың әлемдік деңгейде бәсекеге түсуге қабілетті екенін дәлелдеді.

Назерке НАБИКЕНОВА
Алакөл ауданы



Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДЕНЬ БЛАГОДАРНОСТИ В ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ



В области Жетісу в честь Дня благодарности стартовал «Караван благодарности», в рамках которого 100 семей охвачены благотворительной помощью, организованной структурным подразделением АНК области, благотворительным центром «Жомарт жан» и областным Советом деловых женщин. Также в регионе поздравили ветеранов и молодых матерей, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

В целом в регионе в честь Дня благодарности организован целый комплекс мероприятий.

В первую очередь по традиции общественность края приняла участие в церемонии возложения цветов к монументу «Қазақ халқына мың алғыс», расположенном в с. Бастобе Каратальского района. От имени главы региона присутствующих поздравил заместитель акима области Диас Есдаулетов.


Затем со словами благодарности к казахам выступил представитель 130 тысяч корейцев депортированных в Казахстан, председатель Совета старейшин корейского этнокультурного объединения области Виктор Пак.

Члены областной Ассамблеи в рамках акции «Наши дети» поздравили молодых мам и их новорожденных детей, посетив областной перинатальный центр и вручив детские наборы для выписки.

В этот же день по всей области был дан старт благотворительной акции «Караван благодарности», охватившей 100 малообеспеченных семей во всех районах и городах.

Фотографы: Жумабай Мусабеков, Александр Склабовский, Александр Булавин

В ДОМЕ ДРУЖБЫ ТАЛДЫКОРГАНА УСТАНОВИЛИ ПАМЯТНУЮ ДОСКУ



В честь 30-летия Ассамблеи народа Казахстана в Доме дружбы Талдыкоргана в рамках республиканского форума установили памятную доску .

Почетные грамоты и Благодарственные письма акима области были вручены порядка 20 представителям АНК области, включая ветеранов, членов этнокультурных объединений и структурных подразделений АНК.

Затем состоялась торжественная церемония открытия памятной доски «30 лет Ассамблеи народа Казахстана».

Мероприятие завершилось праздничной концертной программой. Члены Ассамблеи выразили свои пожелания по случаю праздника. Руководитель Совета аксакалов «Ұлағат» при областной АНК, член уйгурского этнокультурного объединения Светлана Гаитова сказала:

- В День благодарности выражаю всем землякам сердечную благодарность от имени таких мам, как я. В этом году исполняется 30 лет со дня образования

Ассамблеи. Все эти годы мы жили дружно, благополучно. Верю, что и дальше каждый из нас будет участвовать в укреплении нашего единства, - сказала она.

В рамках 30-летия Ассамблеи народа Казахстана в области Жетісу запланировано свыше 70 комплексных мероприятий, отражающих многонациональную культуру региона и работу областной Ассамблеи.

Пресс-служба акима области Жетісу

В ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ РАСТЕТ УРОВЕНЬ УСЛУГ ДЛЯ ЛЮДЕЙ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ

На данном этапе в области Жетісу уровень доступности инфраструктуры для людей с инвалидностью достиг 69%. Это лучший показатель в стране, где в среднем он составляет 50-55%, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.



Как сообщают в областном управлении координации занятости и социальных программ, за 2022-2024 годы в регионе адаптированы 625 объектов. А в этом году будет адаптировано еще 195 объектов, как государственных, так и частных. При этом для госучреждений предусмотрено бюджетное финансирование.

Также за 2 года в регионе количество инватакси для перевозки людей с инвалидностью увеличено в 2 раза и достигло 32. Кроме того, ежегодно выделяются средства для обеспечения лиц с инвалидностью необходимыми техническими средствами реабилитации.

Как было отмечено, всего в области функционируют 13 учреждений, оказывающих специальные социальные услуги для лиц с инвалидностью.

К примеру, в 2023 году на берегу Алаколя на базе резиденции акимата района был создан реабилитационный детский лагерь. В том же году совместно с фондом «Қамқорлық» был открыт Центр для детей с аутизмом и другими нарушениями психического развития. Также в Талдыкоргане функционирует спортивно-реабилитационный комплекс «Асар», которому оказывается государственная поддержка.

Кроме того, в этом году в областном центре начнется строительство реабилитационного центра на 150 мест. Завершение запланировано на следующий год.

В целом работа по созданию инклюзивной среды в области Жетісу ведется по нескольким направлениям.

Фотографии взяты из архива пресс-службы акима области

СТРАННЫЕ ИГРЫ ПОДРОСТКОВ В ШКОЛЕ ИМЕНИ АБАЯ

В сети появилось видео, снятое в одной из школ Талдыкоргана. На кадрах видно, как старшеклассники заводят в туалет учащегося и начинают над ним издеваться, при этом выкрикивают непристойные слова. Эти игры подростков в школьном туалете ужаснули казахстанцев, передает корреспондент Tengrinews.kz.

«Что за ужас творится в школе Абая? Почему такие озабоченные учащиеся? Родители, берегите своих детей. Видео взято из Тиктока. Дети сами снимали и загрузили в тикток», - говорится в описании к видео.

Полиция установила всех участников инцидента в школе, запечатленного на видео и опубликованного в социальных сетях. «По их словам, происходящее было игрой. Однако, учитывая возможные последствия подобных ситуаций, с ними проведены профилактические мероприятия. Родители школьников привлечены к административной ответственности за ненадлежащее исполнение обязанностей по воспитанию», - сообщили в полиции области Жетысу. Как сообщила руководитель Отдела образования города Талдыкорган Шынар Шарипбаева, Управлением полиции города Талдыкорган в отношении родителей согласно статье 127 АППК (Административный процедурно-процессуального кодекса РК) наложен штраф. «Участники инцидента взяты на профилактический учет. С учащимися 9-х классов проведена разъяснительная работа, на данное время психологическое состояние детей стабильное», - сообщила Шарипбаева. Позже появилось видео подростков с родителями. Школьники и их родители принесли родителям пострадавших сверстников, а также всем казахстанцам за свое поведение. Также было проведено экстренное совещание с участием представителей Управления образования и уполномоченным по правам ребенка области Жетісу «По итогам совещания с понедельника будут освобождены классные руководители, педагог - психолог, заместители директора по воспитательной работе от занимаемой должности. А директору школы будет объявлен строгий выговор. Данная ситуация находится на контроле Отдела образования города Талдыкорган», - заверила руководитель Отдела образования города Талдыкорган Шынар Шарипбаева.

КОРОТКО ОБО ВСЕМ

Ученики Назарбаев Интеллектуальной школы Талдыкорган завоевали гранты от Университета Туран. Интеллектуальные состязания прошли в Алматы, где собралось 48 команд из разных уголков страны и состоял из 7 напряженных туров.

Победители турнира получили сертификаты на бесплатное обучение в Университете Туран на протяжении одного года, что открывает перед ними новые горизонты для дальнейшего образования и профессионального роста.

***

Как сообщает polisia.kz, почти 700 иностранцев-таксистов, нарушивших миграционные правила, выявлены в Казахстане. Как сообщили в миграционной службе, за пять дней проверено 46 тысяч автомобилей, в результате чего установлено 1 080 иностранных граждан, занимающихся частным извозом. Из них 691 иностранец осуществлял частные перевозки с нарушением миграционного законодательства, используя мобильные приложения. 234 иностранца привлечены к ответственности за незаконное осуществление трудовой деятельности, а 457 - за нарушение сроков пребывания в Республике Казахстан.

***

В области Жетысу погиб 18-летний рядовой срочной службы. Руководство войсковой части полагает, что это несчастный случай, но родные погибшего не верят в эту версию, сообщает корреспондент Orda.kz. Тело рядового Дастана Курманбека нашли в войсковой части № 12740 Сарыозекского гарнизона 14 января. Он был призван в армию осенью прошлого года. В заключении судмедэкспертизы, которое оказалось в распоряжении редакции Orda.kz, указано, что причиной смерти стала «открытая рана передней стенки грудной клетки». «Выстрел из другого и неуточнённого огнестрельного оружия», говорится в документе. По официальной версии Сухопутных войск, парень выстрелил в самого себя во время полевых учебных занятий по боевой подготовке.

***

Массовое использование искусственного интеллекта может привести к деградации юных казахстанцев, считает депутат мажилиса Даулет Мукаев. Свои опасения он высказал на обсуждении законопроекта «Об искусственном интеллекте», сообщает Orda.kz. По словам парламентария, школьники перестают думать самостоятельно, так как домашние задания за них теперь делает нейросеть. «Использование ИИ приводит к деградации интеллектуального потенциала человека, к потере способности думать и анализировать. Сейчас школьники не делают сами уроки, используя искусственный интеллект - грузят задание в ChatGPT и сидят», заявил депутат.

***

Бывший глава МЦПС «Хоргос» Ерсын Оразаев проиграл в суде журналистке Orda.kz Сандугаш Дуйсеновой, против которой и против редакции в прошлом году подал иск. Оразаев, обиженный расследованием о коррупции на казахстанско-китайской границе, решил, что во всех его бедах виновна Дуйсенова. Но истец не смог тдоказать факт причинения ему морального вреда. Причиной увольнения истца стала не публикация статьи, а результаты прокурорской проверки. Была открыта проверка деятельности МЦПС «Хоргос». По результатам проверки вынесли акт в адрес акимата области. Было заявление и в отношении Оразаева по вымогательству денег, которое направили в правоохранительные органы.

***

В Коксуском районном суде вынесли приговор по делу о мошенничестве, связанному с резонансным случаем изнасилования. Бывший секретарь суда, а также, потерпевшая от начальника полиции Куштыбаева и её сожитель получили по шесть лет лишения свободы, сообщает корреспондент Orda.kz. В резонансном деле фигурировала круглая сумма в сорок млн.тенге между женой Куштыбаева и потерпевшей, получившей эти деньги и должна была изменить свои показания, чтобыдело Куштыбаева было переквалифицировано, что смягчило бы наказание, а также секретарем суда, которой были переданы эти деньги. Следствие длилось почти год. Результат – по 6 лет получилила тройка за мошенничество.

***

В талдыкорганском микрорайоне «Еркін» прогремел взрыв. Утром мужчина завёл машину в гараже, чтобы отвезти дочерей в школу. В этот момент автомобиль взорвался. В результате полностью рухнул гараж. Одна сторона дома тоже разрушена. «Как только он завёл машину, произошёл взрыв. Мужа отбросило на несколько метров. Сейчас он находится в больнице с тяжёлыми ожогами рук и ног. А нашу 12-летнюю дочь мы нашли под завалами» рассказала супруга пострадавшего Марина Гунькина. Сейчас на месте работают спасатели. Обстоятельства выясняют.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

1941-45 ЖЫЛДАРЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСҚАН ЖЕТІСУЛЫҚ АРУЛАР

СОҒЫСҚА СҰРАНЫП БАРҒАН ҚАЙСАР ҚЫЗДАР ҚАЙ МАЙДАНДА БОЛМАСЫН САБЫРЛЫҚ ПЕН ТАБАНДЫЛЫҚТЫҢ, ОТАНҒА ШЕКСІЗ БЕРІЛГЕНДІКТІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІЛЕРІН КӨРСЕТТІ. АЯҒЫНА СОЛДАТ ЕТІГІН КИІП ҚАЗАҚТЫҢ ТУҒАН ҚАСИЕТТІ ЖЕРІНЕН БЕРЛИНГЕ ДЕЙІН СОҒЫС АЗАБЫН КӨРІП БАРДЫ. РЕЙХСТАГТА ЖЕЛБІРЕГЕН ЖЕҢІСТІҢ ҚЫЗЫЛ ТУЫНДА ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНЫҢ ДА ДАҢҚТЫ ЖОЛЫ,ЕРЛІК ҮЛЕСІ БАРЛЫҒЫН АЙТУЫМЫЗ КЕРЕК.

Мен тарихшы ретінде 1985-жылдан республика, облыс, кейбір аудандардың газет-журналдарына шыққан Жетісудың ұл-қыздарының екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан мақалаларын жинақтап жүрдім. 40 жылда талай 3-4 кітап болатын құнды деректер жиналыпты.

Осы ару қырандарға арналған мақаланы жазбас бұрын 1985 жылдан бүгінге дейін мақалаларды парақтап шығып, туған, өскен, қызмет атқарған жерлерін жазып, жас ұрпаққа жеткізуді дұрыс көрдім. Олардың аты-жөнін толық жазып, болашақта жастар өздері батыр, қайсар әжелерінің өмірлерін зерттеп, зерделеп жазатындығына сенімдімін. Әрине, 80 жыл аз уақыт емес. Бұған жауынгер әжелерінің 20-25 жасын қоссаң 100 жылдан асады екен.

1941-45 жылдары Кеңес Одағының армия мен флот қатарына 190 мың әйелдер алынған, ал Отан соғысы майдандарына 330 мың әйелдер қатысқаны туралы дереккөздерінде жазылған.

Ал Жетісу облысынан қанша қыз-келіншектер соғысқа аттанғаны туралы құжат кездестірмедім. Тек Талдықорған облысының Мұхаметжан Тынышпаев атындағы өлкетану музейінің бұрынғы аға қызметкері Татьяна Ли өз мақаласында «300 қыз-келіншек соғысқа қатысқан» деп жазған, өкінішке орай мәліметтің қайдан, қай деректерден алғанын жазбапты («Огни Алатау» 31.01.2015 жыл.)

Мен өзімде бар 1985 жылдан бері жинап жүрген мақалалардан Жетісу өңірінен 86 ару қырандар қанды соғысқа қатысқанын анықтадым.

Енді сол жетісулық батыр, қайсар қыз-келіншектердің ұрпақтарына арнап қала, аудан бойынша олардың тізімдерін бергенді жөн көрдім.

Арулардың аруағы риза болсын!



**Құлтай Нұрқалбайұлы,
тарихшы-өлкетанушы**

Ұлы Отан соғысына (1941-1945жж) қатысқан Жетісулық ару-қырандар

Талдықорған қаласы

1. Баева Антонина Ефимовна
2. Бондаренко Ульяна Даниловна
3. Бозяк Марина Тихоновна
4. Герасименко Феодосия Дмитриевна
5. Дюкарева Феодосия Дмитриевна
6. Зайцева Мария Матвеевна
7. Крахина Мария Романовна
8. Крылова Раиса Терентьевна
9. Краскова Мария Романовна
10. Литвякова Мария Ивановна
11. Проскурина Варвара Андреевна
12. Попчук Антонина Васильевна
13. Савко Елена Петровна
14. Силиткова Вера Васильевна
15. Сыздыкова Роза(Разия) Умаралиевна
16. Түктібаева Мархаба
17. Чанчилова Ирина Владимировна
18. Царенко Валентина Фокеевна
19. Шпак Евдокия Родионовна
20. Шучкина Мария Антоновна
21. Яковлева Ольга Изотовна
22. Якимович Эмилия Ивановна



Текелі қаласы

1. Ненашева Р.И.
2. Пиволенко Анастасия Федоровна
3. Садриева Зиган Галаутдинловна
4. Чекурина Екатерина Ивановна

Ақсу ауданы

1. Батыршина Қаншайым
2. Батыршина Қанбике
3. Есболатова Алтынай
4. Қайыпова Сүйінбике Абушахм анқызы
5. Сиқымбаева Айша
6. Тынысбекова Бибінұр

Алакөл ауданы

1. Досбекенова Нұрғайша
2. Селиванова Наталья Владимировна
3. Шарбану (әкесінің аты жазылмаған)
4. Цветухина Анна Сергеевна

Андреев ауданы

1. Батырбекова Бибіш

Бөрлітөбе ауданы

1. Ферерова Берти Каримовна

Ескелді ауданы

1. Сагатбекова Софья Кашафетдиновна
2. Сағындықова Бәтима Молдрахметқызы

Қаратал ауданы

1. Қабдрахманова Нина Ивановна
2. Москалева Татьяна Ивановна
3. Сазонова Мария Георгиевна
4. Сидорова Валентина Ивановна
5. Смирнова Валентина Ивановна
6. Сниткова Дарья Матвеевна
7. Ускенбаева Сакина Габдраурновна
8. Чалаева Валентина Васильевна

Көксу ауданы

1. Амирбекова Анна Мақсутовна
2. Атамтаева Қайыпжамал
3. Богданова Анна Егоровна
4. Вытоптова Александра
5. Глотова Зоя Федоровна
6. Егімбаева Жамбы
7. Ермоленко Елена Дмитриевна
8. Ешимова Масхуда Ашимовна
9. Калиева Уазипа
10. Капкова Лидия Шойкаловна
11. Каюпова Суюнбике
12. Кундакбаева Бигайша
13. Козлова Вера
14. Лученко Любовь Ивановна
15. Самусь Анна Михайловна
16. Стенина Вера Николаевна
17. Сугурова Наталья Алесандровна
18. Тойбекова Оралтай
19. Топченицина Наталья
20. Шаповалова Ольга Яковлевна

Панфилов ауданы

1. Айберова Шор
2. Әмірова Шамшибану Самиғұловна
3. Бетебаева Оксана Демидовна
4. Зурдина Зенеп
5. Либерова Шорбанқыз
6. Лутфуллина Сульхи
7. Мусаханова Кумисхан
8. Мырзақұлова Била
9. Пащенко Анисима

Туған және тұрған жері белгісіз Жетісулық арулар

1. Батурина Г.К.
2. Безбородова Анна Васильевна
3. Валишанова
4. Гук Мария Павловна
5. Кровец М.В.
6. Меленькева Александра Федоровна
7. Синцова О.И.
8. Чернова Надежда Григорьевна
9. Щербина Надежда Никифоровна.

P.S. Жетісулық арулар туралы автор мақала - ізденістері 9-шы мамырға дейін жалғасады.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚЫЗМЕТІНЕ ЖАН ТӘНІМЕН БЕРІЛГЕН – ЗАЙДА ХАНЫМ

Әйел – Ана, Әйел – Ару, Әйел – Гүл. Қазақ халқы барша әйелдер қауымын гүлге теңеп, оларсыз әлемнің ақ-қара түске айналатынын түрлі жыр-дастандарға арқау еткен. Оларға ауыр жұмыс жүктемей, нәзік жаратылыс иелерін ерекше бағалаған. Алайда уақыт еншісіне қарай бүгінгі біте қайнасқан қоғамда жұмыстың ауыр-жеңіліне қарамайтын сұлу да өжет қыздарымыз түрлі салада істерін дөңгелетіп отыр.



Қоғам мен мемлекет ісіне келгенде әйелдер қауымы ер азаматтардан кем белсенділік танытпайды. Әйел тек отбасының жағдайын жасап, бала тәрбиесіне мән беруі керек деген пікір өткеннің еншісінде қалған. Қазір іскерлік бағытта, білім мен денсаулық саласында, мемлекеттік қызметтерде жемісті жұмыс атқарып жүрген арулар жеткілікті. Сондай ізгі жандардың бірі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы **Зайда ІЛІМЖАНОВА.**

ЕҢБЕКПЕН КЕЛГЕН ЖЕТІСТІК

Мақала кейіпкері де нәзік болмысына қарамастан мемлекеттік салада биік белестер мен асулардан асқан басшының қызметінде танылып жүр. Зайда Әбдіманқызы жастайынан білімге құштарлық танытқан. 1990 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын экономист мамандығы бойынша тәмамдады.Мемлекеттік қызметтердегі еңбек өтілі 35 жылға жуықтаған кейіпкеріміз алғашқы қызметін Талдықорған су құрылысы тресінің инженері болып бастапты. Сондағы 27 жылын Алматы облысының салық жүйесіне арнаған. Атап айтқанда, Талдықорған қаласы бойынша мемлекеттік салық инспекциясының инспекторы, бөлім басшысы, инспекция басшысының орынбасары, Талдықорған қаласы бойынша салық комитеті төрағасының орынбасары, Қаратал аудандық салық комитетінің төрайымы, Алматы облысы бойынша салық комитеті төрағасының орынбасары, Текелі қаласы бойынша салық басқармасының басшысы, Алматы облысы бойынша салық департаменті басшысының орынбасары болып қызмет еткен. 2017-2020 жылдар аралығында Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы болған

Өз қызметіне шексіз берілген Зайда ісіне өте тиянақты, көпке үлгі, жүрген ортасында абыройлы маман. Басшылық ету оңай қызмет емес. Жауапкершілікті ерекше қажет ететін жұмыс екені баршаға мәлім. Ол тек көптің бірі болып көшке ілесіп жүрген адам емес, ол қоғамның өкілі ретінде халқының ойындағысын, өзекті мәселелерін жүзеге асыруға белсене атсалысып жүрген жауапкершілігі жоғары, бастаған ісін соңына дейін жеткізетін жауапты тұлға. Зайда Әбдіманқызы азаматтардың мұң-мұқтажын тыңдау барысында тұрғындардың сұраныстарына, арыз-шағымдарына бейжай қарай алмайды. Қабылдауға келген жанның сұранысын, мәселесін түсіністікпен тыңдап, оның шешу жолын табуды басты міндеті деп есептейді. Жұмыстағы тәртіпті жаны сүйетін ол қол астындағы қызметкерлерінен де соны талап етеді. Өзіндік ұстанымдары мен биязы мінезі, сабырлы қалпы оның беделін биіктетіп, абыройын асқақтатады. Бәлкім көпке сыйлы болуының сыры да аталған қасиеттеріне байланысты болар. Осы жылдары оның еңбегі көптеген алғыстар және түрлі медальдармен марапатталып жатты.

ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

Әлеуметтік салада қызмет жасау оңай жұмыстардың бірі емес. Зайда Ілімжанованың басшылығымен жұмыс жасап тұрған департамент зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қорғау саласындағы және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, медициналық-әлеуметтік сараптама (мүгедектік тобын белгілеу) саласындағы заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бағыттарында тынымсыз қызмет көрсетеді.

– *Департамент халықтың әлеуметтік осал топтары үшін зейнетақы төлемдері мен мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау бойынша 17 әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметті ұсынады. Жалпы, Департамент зейнетақы мен әлеуметтік төлемдердің 36 түрін тағайындайды. Орта есеппен айына 5,2 мың қызмет көрсетіледі,* - дейді басшы Зайда Әбдіманқызы.

Халықпен біте қайнасқан жұмыс уақытында департамент қызметкерлері азаматтарды жеке сұрақтары бойынша күнделікті қабылдайды. Мысалы, бір ғана жылдың басынан бері 16 азамат жеке сұрақтары бойынша келген. Ал өткен жылы жалпы 46 азамат қабылдауда болған екен.

ОТБАСЫ МЕН ҚЫЗМЕТ АРАСЫНДАҒЫ ҮЙЛЕСІМ

Мақала кейіпкерінің қазіргі қоғамдағы әйелдердің мемлекеттік салаларда жұмыс жасауы туралы ойы жағымды қалыптасқан. *«Қызметте ер-әйел деп бөлу бүгін қажеттілік тудырмайды. Бар болғаны ынта-жігер болса ер адамдар жеткен жетістікке нәзік жандыларда еш қиындықсыз жете алады. Барлығы адамның өзіне байланысты»,* - деген пікірін айтады кейіпкеріміз.

Шынымен әйелдер мен ерлердің қазірде теңдей мүмкіндіктері бар. Тіпті әйелдердің мемлекеттік қызметте жұмыс істеуі олардың қоғамға қосқан үлесін одан әрі арттырары сөзсіз. Арулар араласқан жұмыста жетістіктер мол боларына кәміл сенеміз.

Отбасының ұйытқысы, мейірімділігі көзінен, жылуы жүрегінен, адалдығы ісінен



көрініп тұратын Зайда анамыз отбасылық өмірде де сүйікті жар, екі баланың аяулы анасы, үш немеренің әжесі екенімен қуана бөлісті.

Бүгінде отбасы мен қызметі өзара үйлесімде екенін айтқан Зайда екі жақты теңдей алып жүрудің қиыншылығы жоқ деп ойлайды. Тіпті қызметтік мансабын алғаш құрып бастаған кезеңдерде де өзінің анасы мен енесі екі жақтап қолдау білдіріп, алаңдауға негіз тудырмаған деп еске алады.*«Қызметім мен отбасыма теңдей уақыт таба аламын. Өзім тиянақтылықты ұнататындықтан екі бағытты бір-бірімен араластырмаймын. Бір шаңырақтың келіні атанып, сәбилі болған кезеңде де карьера құруға еш кедергі болмады. Себебі жанымда маған сенген асыл жарым мен қос анам болды. Олар барлық жағынан түсінікпен қарап, әркез маған көмек көрсететін»,* - дейді ол.

«Әйел – көктем, әйел – бақыт, әйел – нұр» дегендей, біздің осындай еңбекқор арулар-ымыз өмірді нұрландырып, жақындарына жылу сыйлайды. Мерекеңіз құтты болсын, аяулы ару!

Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ

Аруға ана болған жарасады

«Шалқытып шаңырағын тамашаның,
Бақытын отбасының жар ашады.
Тірліктің түп мәні – ұрпақ деген,
Аруға ана болу жарасады» деп әсем әнде шырқалатындай, қыз – аруларымызға құдіретті күшті Құдайдың пәрменімен АНА атанып, ұрпақ сабақтастығын жалғастыру - ұлы миссиясын пешенесіне жазып қойған.

Ия, ұрпақ сүйіп, көбею, өмірді жалғастыру – ұлы миссия екендігі талассыз шындық. Көп болсақ, қазіргі тілмен айтқанда, экономикамыздың қуаттанып, халықтың әл-ауқатының өсуінің, сырттан қауіп-қатер туа қалған жағдайда, еліміздің қауіпсіздігінің қорғалуының кепілі екендігі де күмәнсіз ақиқат. Осындай ұлы миссия атқарып отырған АНАЛАРДЫ қалай ұлықтап, сыйлап, оларға қандай құрмет



көрсетілсе де артықтығы жоқ ау, тегі...

Ия, бұрынғы билік тұсындағы отыз жылдан астам тоқыраудан кейін «Жаңа Қазақстан» құруға талпынып жатқан қазіргі таңда аналарға, ана мен балаға азды-көпті қамқорлықтар жасалып жатыр. Алайда, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заман туды деуге әлі ертерек.

Дегенмен, «Шын жыласаң – соқыр көзден жас шығады» демекші, ана мен балаға деген қомқорлықтарды барынша жасап жүрген өңірлер де бар екен. Осыған «Айқын» телеграмм арнасында жарияланған деректен мысал келтірейін: «Түркістан облысында «Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай көп балалы аналарға бір реттік қаржылай көмек көрсетіледі. Облыста 18 жасқа дейінгі 4, одан көп балалары бар 117927 ана бар екен.Оның ішінде 2175 «Батыр ана», 18570 «Алтын алқа», 43413 «Күміс алқа» иегері және 1-ші және 11-ші дәрежелі «Ана даңқы» Орденімен марапатталған 3264 ана бар» деп жазады «Айқын» телеграмм арнасы.

Әрине, «Бір реттік мұндай қаржылай көмек қандай көздер арқылы төленеді?» деген сұрақ туды орынды. Әлеуметтік аз қамтылған отбасыларды қолдау мақсатында мереке қарсаңында жоғарыда аталған көп балалы аналарға аудандық және қалалық бюджет есебінен 63000-нан астам аналарға жалпы сомасы 484 миллион 800 мың теңге бөлінген. Сонда әр анағаорта есеппен 7864 теңгеден айналады екен. Әрине, бұл сома айтарлықтай көп болмағанымен, аналар мерекесі қарсаңында арнайы сыйлық ретінде берілуі үлгі тұтарлық қамқорлық іс. Айта кетерлігі облыста 5265 отбасы немесе 31933 адам атаулы әлеуметтік көмек алатындығы. Олардың 62% көп балалы отбасы. Бір ерекше айтарлығы: Түркістан облысы Қазақстан Республикасы бойынша халық санының көптігі және бала туу көрсеткіштері бойынша көш бастап отырғандығын басқа ресми дерек көздерінен оқығаным бар елі.

Қазақта: «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесепат» деген орынды тәмсіл бар. Осындай қайырымды, игі істер басқа облыс басшыларына жұғысты болғай...

Жұғысты болғай демекші, біздің туған топырағымыз Жетісу облысындағы көп балалы аналарға өңір басшысы нендей сыйлық дайындады екен? - деген сұрақ көңіліміздe тұрғанын жасырмаймыз.

Ия, табиғат – ана дүр сілкіне оянып, көгілдір көктеммен бірге күлімдей келген АНАЛАР МЕРЕКЕСІ - «Халықаралық әйелдер күні» құтты болсын! Егемен Еліміздe таңғы әрбір күн күлімдеп алтын шуағын шашқан бейбіт те, ынтымақты өмір орнап, күнәдан пәк сәбилеріміздің балбыраған тәтті ұйқысы ешқашан бұзыла көрмесін...

Ғабдул – Сәбит ЮСУПОВ
жазушы – журналист
Алматы қаласы

Дүйсенбі - Понедельник, 10 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 Телехикая
07.00 «Концерт»
09.00 Мультсериал «Том Сойер»
09.30 Сериал «Зимородок»
11.30 «Қызық times»
12.30 Семейное кино
14.00, 21.00 Худ. фильм «Области тьмы»
16.00, 23.00 Кино.
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
19.00 Cover show

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
07.05 «Паутина» бағдарламасы
08.00 «Koremiz-ШОУ» бағдарламасы
09.00 «Снежная королева»
10.55 «Завтрак в постель»
14.30 «Қослайк» бағдарламасы
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.30 Многосерийный фильм «Знахарь. Охота без правил»
00.20 Ночной кинотеатр
01.15 Басты жаңалықтар
01.45 Паутина
02.30 Той базар

КТК

07.05 «Кел, шырқайық!»
08.05 «Қоштасқым келмейді»
10.00 «Парад юмора»
10.40 «По тонкому льду», мелодрама
14.40 «Сашка», мелодрама.
17.30 «Реальная мистика», реалити-шоу.
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 “Астарлы ақиқат”, ток-шоу.
21.00 Вечерние новости
21.40 «Лимитчицы», мелодрама.
23.50 «Военная полиция»
01.40 «Маруся»
02.25 «Сашка»
03.10 «Қоштасқым келмейді»
05.20 «Астарлы ақиқат»
06.05 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Абадан»
09.15 «Менің анам»
09.35 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Шашу»
11.10 «Ширкін-ай»
12.30 «Ұлт ұяты»
13.10 «Әсем әуен»
13.30 «Туынды тарихы»
13.45 «Жетісу әуендері»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
14.50 «Тарихнама»
15.00 «ҚазақтыңМайрасы» концерті
17.00 «Мақсатына жеткендер»
17.35 «Шыңырауданшыңға»
17.50 «Байлық»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Мейірімсізұл»
19.25 «Жетісуәуендері»
19.30 «Ғибрат»
20.00 «Әсеттіңәсемәндері-ай» концерті
23.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіл»
07.30 «Tik Tok show»
08.00 Мультсериал «Буба»
09.00 Мультсериал «Великий Человек-паук»
09.30 «Әзіл студио»
10.00 «Между небом и землей»
12.00 «Ледниковый период-3»
14.00 «Кролик Питер-2»
16.00 «Малефисента. Владычица тьмы»
18.30 «Железный человек-3»
21.00 «Пиксели»
23.00 Кино.
01.20 «31 әзіл»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Time Vine»
03.00 «Tik Tok show»
03.20 «What's up?»
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.00 «What's up?»
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02«Берекелі мереке»
08.00 «Алдараспан»
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 «Бесценное время»
13.00 «Кавказская пленница, или новые приключения Шурика»
14.40 «Служебный роман»
17.20 «Любовь и голуби»
19.20 «Әзіл әлемі»
22.40 «Гюльчатай»
00.30 «Маска Kazakhstan»
02.00 Телехикая
02.50 Q-елі
03.20 «Алло, бұл кім?» Бағдарлама
03.50 «Жеңіп көр».
04.50 «Қуырдақ»
05.52 Үзіліс

Сейсенбі - Вторник, 11 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 Телехикая «Пәленшеевтер-2»
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «Том Сойер»
09.30 Сериал «Зимородок»
11.30 «Әлеумет»
12.00 «Көзқарас»
12.30, 21.45 Телехикая «Келінжан-5»
13.15, 19.00 Телехикая «Жаңбырлы ғұмыр»
14.00, 20.00 Телехикая «Бахар»
16.00, 23.45 Сериал
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
22.45 Сериал

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 «Чего хотят женщины»
13.00 «Пусть говорят»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike» бағдарламасы
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.35 Многосерийный фильм
00.20 Ночной кинотеатр

КТК

07.05 кешкі жаңалықтар
07.30 «Қоштасқым келмейді»
10.00 Вечерние новости
10.40 «Вскрытие покажет», остросюжетный детектив
12.40 «Лимитчицы»
14.40 «Сашка».
17.30 «Реальная мистика» реалити-шоу
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат», ток-шоу.
21.00 Вечерние новости
21.40 «Лимитчицы»
23.55 «Военная полиция»
01.45 «Маруся», мелодрама
02.30 «Сашка», мелодрама
03.15 «Қоштасқым келмейді»
05.20 «Астарлы ақиқат
06.05 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Біз жанбасақ»
11.40 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Аман болайық»/ тікелей эфир
13.10 «Әсем әуен»
13.30 «Баспасөзге шолу»
13.45 М/ф «Бәйдібек би»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.15 Ауа райы
16.20 «Жетісу әуендері»
17.00 «Зейнепапаныңәңгімелері»
17.30 «Абадан»
17.50 «Құрмет»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әмиян»
19.15 «Шымкентский вариант»
19.30 «Біздің өңір»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 азіл»
07.30 «Tik Tok show»
08.00 «Буба»
09.00 «Великий Человек-паук»
09.50 «Тамаша Live»
10.30 Кино.
12.30 «Кролик Питер-2»
14.30 «Ангелы Чарли» (повтор)
17.10 «Рэмбо-3»
19.10 Сериал «Ольга»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 «Быстрее пули»
23.00 «Айдаһарлар шайқасы» телехикаясы.
00.30 «31 әзіл»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Time Vine»
03.00 «Tik Tok show»
03.20 «What's up?»
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.00 «What's up?»
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая «Бастық боламын»
07.10 «Әзіл Әлемі»
08.00 «Любовь и голуби»
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 «Бесценное время»
13.00, 22.40 «Гюльчатай»
15.00 «В плену прошлого»
16.00 «Сезім үшін»
17.00, 18.20 Телехикая «Абысындар-2»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
00.30 «Macka Kazakhstan»
02.00 Жаңалықтар
02.20 Новости
02.50 Телехикая
03.40 Q-елі
04.10 «Алло, бұл кім?»
04.40 «Жеңіп көр»
05.20 «Қуырдақ»
05.50 Үзіліс

Сәрсенбі - Среда, 12 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 Телехикая «Пәленшеевтер-2»
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «Том Сойер»
09.30 Сериал «Зимородок»
11.30 «Тамаша»
12.00 «Президенттік резерв»
12.30, 21.45 Телехикая «Келінжан-5»
13.15, 19.00 Телехикая «Жаңбырлы Ғұмыр»
20:00 14.00, 20.00 Телехикая «Бахар»
16.00, 23.45 Сериал
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
22.45 Сериал

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «П@утина »
07.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимсЯ!»
11.50 «Чего хотят женщины»
13.00 «Пусть говорят»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.35 Многосерийный фильм «Знахарь. Охота без правил»
00.20 Ночной кинотеатр
01.15 «Новости»
01.30 «Жаңалықтар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Қоштасқым келмейді»
10.00 Вечерние новости
10.40 «Вскрытие покажет»
12.40 «Лимитчицы»
14.40 «Сашка»
17.30 «Реальная мистика»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат», ток-шоу
21.00 Вечерние новости
21.40 «Лимитчицы», мелодрама
23.45 «Военная полиция»
01.15 «Маруся», мелодрама
02.05 «Сашка», мелодрама
03.15 «Қоштасқым келмейді»
06.00 «Астарлы ақиқат»
06.05 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Тағдырым, сағанризамын!» концерті
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «19 регион»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Біздің өңір»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ділмар»
17.00 «Менің анам»
17.15 «Әсем әуен»
17.50 «Дос»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Агро аймақ»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіл»
06.50 Информбюро (рус., каз.)
08.00 «Губка»
09.10 «Великий Человек-Паук»
09.40 «Айданарлар шайқасы»
11.00 «Тамаша Live»
11.50 «TikTok show»
12.00 Сериал «Ольга»
12.50 «Пиксели»
15.00 «Рэмбо-3»
17.10 «Рэмбо-4»
19.00 Сериал «Ольга»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 «Неоспоримый-2»
23.00 «Айданарлар шайқасы»
00.30 «31 әзіл»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Time Vine»
03.00 «TikTok show»
03.20 «What’s up?»
03.40 «Өзің студио»
04.00 «1001 Әзіл»
04.30 Тележоба
05.00 «What’s up?»
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Бастық боламын»
07.10, 17.00, 18.20 «Абысындар-2»
09.10.01.50 Жаңалықтар
09.30, 02.10 Новости
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 «Бесценное время»
13.00, 22.40 «Гюльчатай»
15.00 «В плену у прошлого»
16.00 Телехикая «Сезім үшін»
18.00 Жаңалықтар.
19.30 Новости.
00.30 «Macka Kazakhstan»
02.40 Телехикая «Няня man»
03.05 Q-елі
03.35 «Алло, бұл кім?»
04.05 «Жеңіп көр»
04.55 «Қуырдақ»
05.50 Үзіліс

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жеке кәсіпкер «АЗИЯ СНЭК» жұртшылықты 2025 жылғы 18 наурыздан бастап 26 наурызға дейін келесі объектілер үшін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдері бойынша жария талқылаулар өткізу туралы хабардар етеді:

Автожанармай құю станциясы (ЖҚС) Қарабұлақ ауылы Ескелді ауданы Жетісу облысы. Әсер ету учаскесі мен аумағының географиялық координаттары: 44°55'9.55» СШ, 78°28'44.74» ВД;

Автожанармай құю станциясы (ЖҚС) Рудничный ауылы, Текелі қаласы, Жетісу облысы. Әсер ету учаскесі мен аумағының географиялық координаттары: 44°39'51.35» СШ, 78°54'21.53» ВД;

Автожанармай құю станциясы (ЖҚС) Сағабүйен ауылы Ақсу ауданы Жетісу облысы. Әсер ету учаскесі мен аумағының географиялық координаттары: 45°24'19.62» СШ, 79°13'23.46» ВД;

Автожанармай құю станциясы (ЖҚС) Лепсы ауылы Сарқан ауданы Жетісу облысы. Әсер ету учаскесі мен аумағының географиялық координаттары: 46°14'0.71» СШ, 78°57'49.84» ВД.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы-ЖК «АЗИЯ СНЭК» Талдықорған қаласы, Шевченко көшесі 148, пәтер 1, тел. 8 705 277 0190 e-mail: TOOBEP@bk.ru.

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел. 87773433466. Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru. Жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында танысуға болады.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» мемлекеттік мекемесі,

тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail:7su_expertiza@mail.ru, Талдықорған қ., көш. Қабанбай батыр, 26. МИО сайтына https://ecoportal.kz және бастамашының https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru сайтына сілтеме.

Ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz сайтында қабылданады. «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және электрондық пошта: 7su_expertiza@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «АЗИЯ СНЭК» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 18 марта по 26 марта 2025г. по разделам «Охраны окружающей среды» для следующих объектов:

Автозаправочной станции (АЗС) с.Карабулак Ескельдинский район область Жетісу. Географические координаты участка и территории воздействия: 44°55'9.55» СШ, 78°28'44.74» ВД;

Автозаправочной станции (АЗС) с.Рудничный г.Текели область Жетісу. Географические координаты участка и территории воздействия: 44°39'51.35» СШ, 78°54'21.53» ВД;

Автозаправочной станции (АЗС) с.Сагабуйен Аксуский район область Жетісу. Географические координаты участка и территории воздействия: 45°24'19.62» СШ, 79°13'23.46» ВД;

Автозаправочной станции (АЗС) с.Лепсы Сарканский район область Жетісу Географические координаты участка и территории воздействия: 46°14'0.71» СШ, 78°57'49.84» ВД.

Инициатор намечаемой деятельности - ИП «АЗИЯ СНЭК». г.Талдыкорган, улица Шевченко 148 квартира 1, тел. 8 705 277 0190 e-mail: TOOBEP@bk.ru.

Разработчик: ИП «Экология», тел. 87773433466. г. Талдыкорган, ул.Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ecoportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел.8(7282) 32-92-67, 87771719039,e-mail: 7su_expertiza@mail.ru, г.Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26. Ссылка на сайт МИО https://ecoportal.kz и на сайте инициатора https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru.

Замечания и предложения принимаются на сайте: ecoportal.kz. в рубрике «Опубликованные слушания» и e-mail: 7su_expertiza@mail.ru

Утерянный ИБР Россия № 0209044, КНР «С» № 0017062 за 2023 год выданный ИП «Давид», ИНН 910715301560 считать недействительным

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АНАДАН ДАРЫҒАН КӘСІП

ТӘТТІ ТАҒАМҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК ӘР ҮЙДЕ АНАДАН БАСТАЛАДЫ. АНАНЫҢ МЕЙІРІМІМЕН ПІСІРІЛГЕН ӘР ТАҒАМДА ТЕК ДӘМ ҒАНА ЕМЕС, ЖЫЛЫЛЫҚ ПЕН МАХАББАТ БАР. АНАНЫҢ ОСЫНДАЙ ТӘЛІМІН КӨРІП, КӘСІБІН БАСТАҒАН АЙГҮЛ МҰРАТҚЫЗЫ ЖАНДАРБЕКОВА БҮГІНДЕ ТАБЫСТЫ КӘСІПКЕР, ШЕБЕР КОНДИТЕР, ӘРІ БЕС БАЛАНЫҢ АРДАҚТЫ АНАСЫ. ОЛ ӨЗІНІҢ СҮЙІКТІ ІСІН ӨМІРЛІК КӘСІБІНЕ АЙНАЛДЫРЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІН ДЕ ОСЫ ЖОЛҒА БАҒЫТТАП, ЕРЕКШЕ ЕҢБЕККОРЛЫҒЫМЕН КӨПШІЛІККЕ ҮЛГІ БОЛУДА.



Айгүл Мұратқызы Жандарбекова 1981 жылы Кербұлақ облысы, Гвардия ауданында дүниеге келген. Ол кішкентайынан анасы Бижамалдан дәмді тағам дайындауды үйреніп, ас әзірлеуге ерекше қызығушылық танытқан. Әрбір тоқаш пен бауырсақтың хош иісі балалық шағының ең жылы естеліктерінің бірі болып қалған. Анасы қызын ас дайындаудың қыр-сырына ғана емес, тағамға деген ықыласқа да баулыды. Отбасы құрғаннан кейін де бұл үйренген дағдылары оның өмірінде маңызды рөл атқарды. Үй шаруасын дөңгелетіп, бес баланы тәрбиелей жүріп, ас үйдегі шеберлігін одан әрі шыңдады. Қайнаған қазан мен иленген қамыр арасында жүріп, ол өз ісінің нағыз маманына айналды.

Айгүл Мұратқызы заңгер мамандығын, кейін балабақша тәрбиешісі мамандығын игергенімен, бұл салада ұзақ жұмыс істемеді. Тәрбиеші болып небәрі бес жыл еңбек етіп, кейін бұл мамандықты тастаған. 2013 жылы енесінің ұсынысымен «Фатима» дүкенінің жанынан шағын кондитерлік цех ашты. Осылайша, бала күннен қалыптасқан қызығушылығы кәсіпке айналды. Цех алғашқы кезде шағын болғанымен, уақыт өте келе тұтынушылардың саны көбейіп, кәсіпкер өз ісін ақырындап кеңейтіп отыр. Мұнда әртүрлі дәмді тоқаштар, бауырсақтар, бәліштер, торттар дайындала бастады. Бүгінде бұл кәсіптің негізі қаланғанына 10 жылдан астам уақыт өтті. Айгүл Мұратқызы анасының тағам әзірлеу әдістерін бойына сіңіргенімен, кәсібін дамыту үшін әрдайым ізденісте жүреді. Ол Алматы, Шымкент, Талдықорған қалаларында өткізілетін аспаздық шеберлік сабақтарына қатысып, білімін жетілдіріп келді.

– *«Сабақтардың құны 500 000 теңгеге дейін жетеді. Алайда сапалы, әдемі әрі денсаулыққа зиянсыз өнім ұсыну үшін үнемі даму керек. Бұл - төуекелді қажет ететін кәсіп»,* - дейді ол. Соның арқасында кондитерлік цехтың барлық өнімдері сапалы әрі табиғи таза өнімдерден жасалады. Тұтынушылардың оң бағасына ие болуының басты себебі де осы.

Айгүл Мұратқызының айтуынша, сырт көзге кондитерлік кәсіп оңай көрінуі мүмкін. Алайда тойға арналған торттарды ерекше сәндеп, әдемі жазулар жазу, олардың әрбір деталіне мән беру үлкен еңбекті талап етеді. *«Той қонақтарына қуаныш сыйлау үшін өнімдерімізді жоғары көңіл-күймен, ықыласпен әзірлеу керек. Егер өз ісіңе махаббатпен кіріспесең, нәтиже де соған сай болмайды»,* - дейді кәсіпкер. Айгүл Мұратқызы тек кәсіпті жүргізіп қана қоймай, отбасы мүшелерін де осы жолға бағыттап келеді. Оның ұлы Өмірсерік колледжде кондитер-аспаз мамандығын оқып, 3-топ мүгедектігіне байланысты мемлекеттен 5 миллион теңге қайтарымсыз грант ұтып алды. Бұл қаражат кәсібін одан әрі дамытуға үлкен мүмкіндік берді. Ұлына кәсіптің қыр-сырын меңгеруде анасы өзі көмектесіп жүр. Қыздары да анасына қолдау көрсетіп, өнімдерді безендіру, жарнамалау сияқты жұмыстарға атсалысуда.



– «Цехымыз шағын, бар-жоғы 3-4 адам жұмыс істейміз. Белгілі жұмыс уақыты жоқ, кейде тапсырыстарды түні бойы әзірлейміз. Тұрақты тұтынушыларымыз ыстық тағамдарға да жиі тапсырыс береді. Кейбіреулері такси арқылы Алматыға алдырады. Манты, пельмен, лағман, котлет, қуырдақ, сірне – барлығын дәмді етіп шикілей де, пісіріп те жіберіп отырамыз», – дейді кәсіпкер.Осылайша, Айгүл Мұратқызының кәсібі отбасылық кәсіпке айналып, оның әрбір мүшесі бірлесе еңбек етуде.

Айгүл Мұратқызының армандары үлкен. Ол алдағы уақытта кондитерлік цехын кеңейтіп, той пісірмелеріне арнайы безендіру элементтерін қосу, сондай-ақ аспаздық бойынша мастер-класстар өткізу жоспарын қолға алуда. Қазіргі таңда ол өз туыстары мен балаларына бар білгенін үйретіп келеді. Айгүл Мұратқызы Жандарбекова – тек кәсібін дөңгелеткен табысты кәсіпкер ғана емес, бес баланы тәрбиелеп отырған қамқор ана. Оның еңбексүйгіштігі мен талпынысы көптеген әйелдерге үлгі боларлықтай. Ол өзінің сүйікті ісіне адалдық танытып, ізденістің арқасында сапалы өнімдер ұсынуда. Әйел адамның нәзіктігі мен мықтылығы қатар жүретініне дәлел болған Айгүл Мұратқызы кәсіпкерлік жолында өз мақсатына жетуге талпынуда. Ол тек өз отбасын ғана емес, айналасындағы адамдарды да дәмді тағамдарымен қуанта білетін нағыз шебер.

Сізді 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, бақ-береке, кәсібіңіз бен еңбегіңізде толағай табыс тілейміз. Әр күніңіз қуаныш пен шаттыққа толы болсын!

Зарина БЫЖЫБЕК

Торт, самса, печенье, манты, тоқаш және тағы басқа үй тағамдарына тапсырыс қабылдаймыз! Тел: +7 771 401 1794. Мекен-жайымыз: Талдықорған қаласы, Курманов көшесі, 111.

ЕРЛЕР ҚАУЫМЫ МЕРЕКЕДЕ ҚАНДАЙ СЫЙЛЫҚ БЕРЕДІ?

Ертең мереке! Бұл мереке әлемнің 100-ден астам елінде атап өтіледі екен. Бұл қатарды біздің сүйікті де әсем қаламыз Талдықорған толықтыратыны анық. Мереке қарсаңында қала орталығы гүл шоқтарына, сыйлықтарға толады. Жанталасып жүгіріп жүрген ерлер қауымын көреміз. Ал, біздің көкейімізде ер-азаматтар осы күні сыйлықтарын кімге сыйлайды және қанша қаражат жұмсайды деген сұрақ туындады. Сол себепті де осы ерекше күнге байланысты қала жігіттері арасында шағын сауалнама жүргіздік, олардың қатарында түрлі жас ерекшелігіндегі және әр саланың өкілдері болды.

Сұрақ

1. 8 - наурыз Халықаралық әйелдер күнінде жақындарыңызға қандай сыйлық сыйлайсыз?

2. Мереке қарсаңында бюджетіңізден қанша қаражат жұмсалады?

Думан Кунафин: Үйде анам, келіншегім, үш қызым бар. Оларға жеке-жеке сыйлық сыйлаймын, анам мен келіншегіме көбіне ыдыс-аяқтар, гүл сыйласам, қыздарыма ойыншықтар немесе әдемі көйлектер сыйлаймын.

Мерекеде бюджеттен шамамен 50-55 мың теңге жұмсалады.

Бауыржан Болат: Үйімдегі нәзік жандылар әйелім мен қызыма алтын мен гүл сыйлаймын. 8-наурыз мерекесіне орай жұмсалатын қаражат 90-100 мың теңге.

Ануар Сердалин: Қыздарға ең алдымен берілетін сыйлық ол - гүл және әшекей бұйымдар немесе қолөнер бұйымдарын сыйға тартуға болады. Ең бастысы бұл бюджет емес, адамның шын көңілден берген сыйлығы маңызды деп ойлаймын. Ал жалпы алғанда сыйлықтың көлеміне қарай 10 мың мен 60 мың аралығында қаражат жұмсалады деп ойлаймын.

Ернар Джумабеков: Гүл міндетті түрде, одан кейін клубника в шоколаде немесе таңдауға қарай басқа да сыйлықтар. Жыл сайын бюджеттен 10 мың мен 50 мың арасында қаражат жұмсаймын.

Жумагали Базиев: Нәзік жандыларды барлығымыз құрметтейміз ғой, барлығымыз анадан тарадық тоғыз ай толғатып, он ай дегенде омыртқасын үзіп дүниеге әкелді. Сондықтан әйел адамдарды әрқашан құрметтейміз. Сыйлыққа келер болсақ, мен мерекеде әйеліме ақшалай бергенді дұрыс көремін, өзінің ұнатқанын сатып алады. Әйеліме, қыздарыма орта көлеммен 30-40 мың теңге беремін.

Ұлқар Шынжырбай: Негізі жылдағы 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесінде гүл беру міндетті түрде болуы керек деп ойлаймын. Одан бөлек ыдыстар, әшекей бұйымдар, косметика сыйлауды жөн көремін. Бюджеттен шамамен 60-70 мың теңге жұмсалады.

Ғалымжан Дәрібай: Көктемнің шуақты мерекесінде қыздарға гүл берген дұрыс, мен гүл беремін. Нарықтық экономика заманында гүлге шамамен 20 мың теңге жұмсалады деп ойлаймын.

Нұрлан Өзенбаев: Халықаралық әйелдер мерекесінде анама және әйеліме гүлге тапсырыс беріп қойғанмын, жақында анам намаз оқуды бастағандықтан екінші сыйлығым намаз оқып үйренуге арналған кітап және Құран кітап сыйласам деген ойым бар. Қыздарым жоғарғы сынып оқушылары, сондықтан ҰБТ-ға арналған дайындық кітапшалары мен әдеби кітаптар сыйлаймын. Жалпы есептегенде шамамен 50 мың теңге қаражат жұмсалады екен.

Асхат Жетпісбаев: Біз бұрын мектепте оқыған кезімізде сыныптағы қыздарға әртүрлі сыйлықтар жасайтынбыз. Мысалы, ашық хаттар, қалам, қойын дәптер немесе айна тарақ деген секілді. Ал қазір жасымыз келгендіктен, үйдегі келіншегіме көңілін көтеру үшін пайдалы заттарды сыйлағанды дұрыс көремін. Мысалы, осы жолы бал сыйлау ойымда бар. Екеуміздің де денсаулығымызға пайдалы ас қой. Бюджеттен жұмсалатын қаржы алған сыйлығыма байланысты егер гүл мен бал алатын болсам 20-30 мың кетеді.

Мереке Тоғызақов: Мен ешнәрсе сыйламаймын. Өйткені жұмыссызбын. Ақша жоқ. Бірақ 8-Наурыз күні мен ас үйдегі жұмыстын бәрін атқарамын. Әйелімді демалдырып, ханшайымдай етіп отырғызып қоямын.

Сұрақты жүргізген:
Талшын ИЕМБЕРДИЕВА

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЖМЕН ӨРЛЕГЕН ӨМІР

Ән – жүректің үні, өмірдің айнасы. Ал сол өнерге бар жан-тәнімен беріліп, қазақ ән өнерінің дамуына үлес қосқан жандардың бірі – Дина Нұрғалиқызы. 85 жасқа келсе де, әлі күнге дейін әуелете ән шырқап, тыңдарманын тамсандырудан жалықпаған ардақты ана, аяулы әже, үні құлаққа жағымды әнші. Өмірдің сан сынағынан сүрінбей өткен қайсар жанның тағдыры, өнерге деген сүйіспеншілігі – жастарға үлгі. Жетісулықтарға ол кісіні таныстырудың қажеті шамалы. Өйткені ол -танымал тұлға.



Дина апаймен ол кісінің 85 жасына арналған концертіне барып танысқан болатынмын. Содан концерт аяқталған соң сұхбат беруін өтінген едім, сұрақтарым да дайын еді. Дина апай уақытының тығыз болуына байланысты кездесетін күнімізді белгілеп, біз екінші рет кездескенімізде әңгіземіз ресмиліктен гөрі өмір көрген жанның сенім білдірген адамына айтатын әңгіме-сыр сияқты арамызда әдемі әңгіме болды.


Өмір сынағынан өткен адамның тағдыры мен үшін ерекше көрінді. Маған ұнағаны Дина апайдың мінезіндегі өжеттілігі мен батылдығы. Оның әр сөзінен байқалатын өзіне деген сенімділігі жыл-тыр сөздермен емес, нақты сөздермен жеткізіліп жатады. Кейбіреу өмір сүре жүріп, өмірден алған сабағы мінезді қатайтатын сәттер болады. Бірақ байқағаным, Дина апайдың батылдығы туа біткен ерекшелік сияқты. Тіпті кейбір ер адамға берілмейтін өжеттік бар ол кісінің бойында. Мүмкін содан болар, Дина апай Басқару академиясын бітірмесе де, өмір жолында біраз мәдени мекемелерін басқарып, еңбегі еленді. Өмір тәжірибесі мол, мәдениеті жоғары басшы ретінде жүрген жерінде сыйлы бола білді.

Көксу ауданы, Еңбекші ауылында 1940 жылы 19 ақпанда дүниеге келген Дина Нұрғалиқызы бала күнінен әнге жақын өсті. Ән айтуды ерекше жақсы көргені сонша, үлкендер «Дина, ән айт!» десе, орнынан атып тұрып, әртіс секілді сахнаға шыққандай, бар ынтасымен ән шырқауға кірісетін. Ол кісі қазақтың дәстүрлі әндерін жанымен сүйіп, атақты әншілер Рахия Койшыбаева, Тұрсынхан Әбрахманова сынды өнерпаздардың орындауындағы «Жалғыз арша», «Гауһартас», «Сырымбет» секілді халық әндерін бала кезінен бері үзбей айтып келеді.

Дина Нұрғалиқызының табиғатынан қоңыр дауысы болғандықтан, ер адамдардың репертуарындағы әндерді орындауға бейімі ерекше еді. Радиодан тыңдаған әндерді бірден жадына тоқып, келесі күні еш қиындықсыз айтып жүретін. Осы талантын шыңдай келе, ол 1956 жылы орта мектепті бітіріп, Алматы қаласындағы Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры жанындағы вокал-хор студиясына оқуға түседі. Аталған студияға бес жүзден аса талапкер қатысып, олардың арасынан Дина Нұрғалиқызы ерекше көзге түседі. Бұл студияның негізін қалаушы – Қазақстанның халық артисі Қанабек Байсейітов еді.

Бала күнінен ән әлеміне ғашық болған Дина Нұрғалиқызы үшін өнер жолында жүріп, өз орнын табу аса қиынға соққан жоқ. Оның ерекше дауысы мен әнге деген шынайы сүйіспеншілігі өнер әлеміндегі жарқын жетістіктерге жетеледі. Уақыт өте келе ол тек әнші ғана емес, басшы бола білді. Жетісу өңірінің құрметті азаматына айналды.

Әйел бақыты жар бола білу, перзент сүйіп ана бола алу, алақанына немересін салатын аяулы әже бола білу десек, осы бақыттың бәрі Дина апайға берілген Жаратушының сыйы болды.



Балалық шақтың таусылмайтын естеліктері...

Балалық шақ – адам өміріндегі ешқашан ұмытылмайтын, жүректің түкпірінде мәңгі сақталатын ең тәтті естеліктер уақыты болса керек. Дина Нұрғалиқызы да сол бір алаңсыз, уайымсыз сәттерін сағынышпен еске алады.

– «Біз бала күнімізде ойыншық дегенді білмейтінбіз. Бірақ соған қарамастан, өзімізге қызықты дүниені тауып алатын едік. Есіктің алдындағы топырақты уыстап, шұңқыр қазып, өзімізше үй салатынбыз. Сиырдың қысқа жүнін жинап, оны тасқа орап, ұзақ уқаласақ, домалақтанып, нағыз доп секілді болатын. Сол «доппен» Қашпа доп ойнаған шақтарымыз қандай қызық еді! Бірақ сол добымыз денеңе тигенде, өкпенің түбіне дейін өтіп кететіндей қатты тиетін», - деп бастады әңгімесін.

Балалық шақтың бейқам күндерінде ойнап жүріп, кейде күтпеген оқиғаларға да тап болып жатамыз. Бірде Дина Нұрғалиқызы үйге жүгіріп кіріп, шөлін басу үшін пештің үстінде тұрған кастрөлдегі сұйықтықты сіміріп алады. Бірақ оның шай емес, керосин екенін бірден білмейді. Сол-ақ екен, лақылдап құсты. Әкесі дереу ауруханаға апарып, марганцовкамен ішін тазалаған. Содан кейін үш ай бойы тамақ іше алмай, ойнай алмай қалды. Алайда сол оқиғадан кейін иіс сезу қабілеті жойылған екен. *«Мен үшін бұл таңғажайып құбылыс болды. Гүлдің, өтірдің иісін жақсы көремін, бірақ олардың хош иісін сезбеймін»*, - дейді Дина Нұрғалиқызы. *«Қыздар «ана үйде шемішке қуырып жатыр», «мына үйде нан пісіп жатыр» дегенде, қайран қалатынмын. Олардың иісті алыстан сезетінін түсіне алмай, таңғалып сұрайтынмын».*

Балалық шақтың тәттісі

Сіңлісін ерекше жақсы көрген Дина бір күні әкесімен бірге ауылдың қоймасына барады. Әкесі оларды сынамақ болып, *«осы екі қызды қоймаңа жібер, қанша қант жер екен көрейін»*, - дейді қойма меңгерушісіне. Осылайша, екеуі үлкен дорбалардың арасынан бір қап қант тауып алады. Әуелі қолмен жеп көріп, артынша шегені тауып, қаптың аузын тесіп, астына жатып қантты тесіктен ағызып жейді. Бірақ қомағайлықтың соңы жақсылыққа апармады. Далаға шыққан соң, екеуі іштерін ұстап, құлап түседі. Әкесі абдырап, бірден ауруханаға жеткізеді. *«Сол оқиғадан кейін қантқа қарай алмаймын. Шайды қантсыз ішемін, тәттіге мүлде зауқым жоқ. Ет жегенім артық»*, - дейді Дина Нұрғалиқызы. Бұл естеліктер - оның балалық шағының бір бөлшегі ғана. Сол бір алаңсыз, бақытты күндерді еске алып отыру әрдайым жүрекке жылулық сыйлайды. Дина Нұрғалиқызының балалық шағы қиын сәттерге толы болса да Дина үшін балалық шақ – ең қымбат, ең тәтті кезең болып қала бермек.



«Бақыттымын, бірақ жүрегім жаралы...»

Өнер жолында биік белестерді бағындырғанымен, Дина Нұрғалиқызының тағдыры оңай болған жоқ. Ол ерте жастан ата-анасынан айырылып, өмірдің ащы-тұщысын кішкентайынан татып өсті. Алайда қайсар мінезі мен табандылығының арқасында қиындықтарға мойымай, халыққа танымал өнер иесі атанды. Бүгінде 85 жасқа келсе де, Дина апаның дауысы сол баяғыдай күмбірлеп, тыңдаушысын тәнті етуде.

Ол кісіге *«Өзіңізді бақытты сезінесіз бе?»* деген сұрақ қойған едім.

- «Таңертең, аман-есен оянудың өзі – бақыт. Балаларыңның амандығын көру – бақыт. Жетістікке жету, өсу және біреуден жылы сөз есту де – бақыт. Бірақ менің жүрегім жартылай жаралы. Себебі жақындарымнан айырылдым. Бұрын сыныптастарыммен жиналғанда «Менің анам келіп, қасымда бір ай жатып кетті» дегенде, жүрегімді бір нәрсе тырнағандай болатын. Өзімді шын бақытты сезінер едім, егер балаларымның саны түгел болса, жолдасым қасымда болса. Бірақ олар өмірден өткен соң, мен жарты жүрек болып қалдым. Бұл менімен бірге кететін қайғы...», - деді... де әңгімесін жалғастырды.

– «Армансыз адам болмайды. Менің ұлым болды, біз өте жақын едік. Қыз бала сияқты түнге дейін сырласатынбыз. Ана баласына әрдайым жақын ғой. Ана – бала үшін сырлас, дос, қамқоршы. Мен де балаларымды өсіріп, жеткізу үшін жолдасым екеуміз барымызды салдық. Бірақ бір ұлымнан айырылып қалдым...» – дейді Дина Нұрғалиқызы көңілі толқып.

Өмірдің талай сынағынан өткен Дина Нұрғалиқызы үшін адам бойындағы ең асыл қасиет – жомарттық. Ол әр адамның мұқтаж жандарға қол ұшын созып, мүмкіндігінше көмектескенді жөн санайды. «Қайғыны бөліссең – азаяды, қуанышты бөліссең – көбейеді» демекші, өмірде қиындыққа тап болған жандарға демеу болу керек деп есептейді.

Бірде ол ауылдағы көршісінің бірінің жағдайын көріп, көмектесуді жөн санайды. *«Олар сиыр ұстайтын. Әйелінің сүт тартатын сепараторы болмады. Ол сепараторды қатты алғысы келіп армандайтын. Бір күні мен оған 50 мың теңге беріп, алып ал дедім. Ол қуанғаны сонша, мен оған машина мінгізгендей ризашылықпен алғысын айтты. Балалары да күні бүгінге дейін «қиын кезде көмектескен жан» деп ризашылықтарын білдіріп жүреді...»* Осы оқиғаны еске ала отырып, әнші жомарттықтың мәңгі есте қалатынын айтады.

-Қазіргі журналистерге қандай баға берер едіңіз?- дедім мен сөз соңында.

-Мынауың жақсы сұрақ екен. Ашығын айтар болсам, бұрынғы журналистер, яғни, аға ұрпақ журналистер деуге болады,олар сендерге қарағанда жуастау болатын. Қазіргі журналистерде батылдық па жұлқарлық па сондай қасиет бар. Заманға қарай ол дұрыс та шығар – деп қысқа қайырды.

Өнер иесі, халықтың жүрегіндегі әнші Дина Нұрғалиқызының өмір жолы – талайларға үлгі. Балалық шағында ауыр сынақтардан өтсе де, ес біліп, есейген, қабырғасы қатайған шағында жақын жандарынан, өмір заңы ғой, айырылып жатса да, мойымай, алға ұмтылған қайсар ана, аяулы әже. Өмірге құштарлығы, айналасына деген жанашырлығы, әнге деген шексіз махаббаты – оның болмысын аша түсетін басты қасиеттері. Дина Нұрғалиқызының өмірі – қайсарлық пен табандылықтың, өнерге деген, өмірге деген шынайы махаббаттың айқын көрінісі.

Осы орайда, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен ардақты әншіні шын жүректен құттықтаймыз! Өнеріңіз өзіңізбен бірге жүрсін, жүрегіңіздің қуаты таусылмасын!

Әңгімелескен:
Зарина МАНАРБЕККЫЗЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

«ӘЙЕЛ»

Жүрсін ЕРМАН



Қай жерде, мейлі, қай елде, әлемнің мәні —
әйелде.
Мықтымын десең ойыңды, әйелге барып дәлелде.
Әйелсіз айтпан әнді мен, әйелмен дәмді әңгімем.
Сүйкімді болсаң шынымен,
әйелің сүйсін алдымен.
Әйелге мәлім көп сырың, сүрінсең —
әйел деп сүрін.
Халыққа сыйлы болмайсың, әйелге болсаң
жексұрын.
Әйелсіз қонды бақ қашан, әйел деп түстік
отқа сан.
Әлемнің тілін таппайсың, әйелдің тілін таппасаң!
Ананың сорып емшегін, басылған талай келсегің.
Бәдік боп өмір кешесің, бермесе әйел женьшенін.
Болмасын әйел назалы, болмасын әйел жазалы.
Кеудесін қаққан талайдың,
әйелден болған ажалы!
Әйелден ыстық от бар ма? әйел деп түстік
көкпарға.
Қарғағың келсе біреуді, әйелің өлсін деп қарға.
Әйелмен құның өлшенер, Құдайдан кейін сол —
шебер.
Бақытты сен де болмайсың,
әйелің сорлы болса егер.
Сырыңды соған ашасың, шөліңді содан басасың.
Адамның күні — Әйелмен,
әйелдер мәңгі жасасын!

ЖАЗАРЫП ТАҢ

Әміре ӘРІН



Бүршік атып оралар бағалы күн,
Мерекеге, жігітім, жара бүгін.
Шабыт шалқып барады есі кетіп,
Шегін қуып, Домбырам сағағының.

Ән әрлісі әлі де "Жайдарман-ай",
Шырқатып шырқау көкке айтам талай.
Жыл он екі ай баптап ем "Балқурайды"
Тыңдасын құлақ түріп байтақ маңай.

Аулынан ақындардың ат арылтқан,
Аққу үнін айдында қатар ұққан.
Бірдің сөзін айтамыз,
Мыңның жөнін,
Біз тойласақ кетеді жасарып таң.

Ақ балтырлы, ақ қайың көркем еді,
Саясында қыз-жігіт өртенеді.
Қыр басында қара ағаш тына қалып,
Қылық тұнып,
Құмыға теңселеді...

Ақ бұлақтар айдында жарқыраса,
Көрген емен көңілді тартып аса.
Қыздар тойын қыздыру қиын боп па,
«Көрші-көрші» ойнайтын салт ұнаса.

Тұлпар тыныс ашар ма қамшыласа,
Тойдан қалып көрмеген қалпым аса.
Жан шуағы дер едім, шамшырағы –
түнгі әуеннен талмаурап таң құласа.

Керім күйін еншілер ен даламның,
Бес қаруы бойында мен де алаңмын.
Қиқу жетті құлаққа нар тәуекел,
Әлде жамбы,
Әйтпесе теңге алармын.

Ана – бақыт,
Ана – жыр,
Ана – ғұмыр,
Жақсылықтың жайнақ-күн сабағы бір.
Сегізінші наурызым сезсең егер,
Жан жұмағы, әр жылғы жаңа дүбір.

БӘЙБІШЕ

Кенжехан Рақыш



Тұрады бар ғұмырың көз алдымда,
Қасыңда қиындыққа төзе алдым ба.
Жанымның жайлауына орныққансың,
Шалықтың шапағатын сезе алдың ба.
Өсірдің тәрбиелеп балаларды,
Олар да оқушыдай саналады.
Ұштасып ұстаздығың аналықпен,
Отбасы өркендейді, жаңарады.
Мәпелеп немерені, шөберені,
Мейірің күн шуақты бөлек еді.
Еркелеп етегіңе жармасады,
Шаттанып қуанышқа бөленеді.
Секілді бір ауылдың шаңырағы,
Ұрпағың өнегеңді сағынады.
Өйткені татулықтың арқауысың,
Биіктеп көрінесің мағыналы.
Бәлсінбей бар нәрсеге жүгіресің,
Әрқашан ақиқатқа жүгінесің.
Жазмыштың жалғандағы жазуындай,
Есте қап айналаға білінесің.
Көтерген жас баладай бір балағын
Сезгендей сыбағадан құр қаларын
Сексеннің сеңгірінен асып кеттім
Бұл күнде менде саған бір баламын.
Келесің өмір бойы тыным көрмей
Денеңнің саулығына көңіл бөлмей
Бәйбіше өзіңді-өзің аясаңшы,
Бұл өмір өтеді ғой ескен желдей.

АНА

Мұхтар КҮМІСБЕК



Алдымен анамды айттым,
Тәңірім дұрыс түсін.
Сол емес пе жердегі ұлық кісі,
Тәспі тартқан уақыттың пірәдары.
Дуадағы даланың...
Үміт құсы.
Содан кейін маһшарды мақұлдадым,
Мұны да мен Құраннан оқығанмын.
Менің маңғаздығымның шырақшысы,
Сосын...
Сосын ең үздік оқырманым.
Жаулығына жырымды жазып ардан,
Жамау-жамау тірліктің жазы болған.
Өртенетін ұяттан алда-жалда,
Өктем түссе өмірге назы бардан.
Менің анам шыңдардың көксеңгірі,
Ескерусіз қалатын есті ерлігі.
Үкі таққан жұлдызға жалғыз адам,
Үзіліссіз өткізген жексенбіні.
Оны жұмақ санаймыз біз ежелден,
Дәуірге де балаймын ізі өлмеген.
Самайына мұзбалақ ұя салған,
Алып таулар алдында тізерлеген.
Тамызында мезгілдің тартқан арба,
Шырасына шыққан күн шақ болар ма?
Менің анам пейіштің майса гүлі,
Қайсарлығын бойдағы айтпағанда.

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ



Сенің көркемдігіңмен тауларда таласпасын,
Тал-қайыңы майысқан баулар да таласпасын.
Таранып, сыланып көркейткен ағаш басын құстар да таласпасын.
Гүлдері жасыл белдердің,
Еркесі өзен көлдердің,
Аққу-қаздар да таласпасын.
Дәл сендей еркем, гүлімді,
Көз тоймас көркемдігіңді,
Махаббат періштесі
Қауырсынын тұтатып,
Тіл көзден аластасын.
Ал, жаны мен тәні мүлде үйлеспеген,
Ешқашан сезім жайлы күй кешпеген
Жасанды сұлулық иелері
сен жайлы жақ ашпасын...

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СМЕШНЫЕ ИСТОРИИ ПРО 8 МАРТА

8 марта – важный праздник не только для женщин. Это и мужской праздник. Почему? Потому что они в этот день переживают больше, чем мы - женщины, которые волнуются за их кошелек. А все потому, что нас с детства приучили к мысли, что в этот день мы должны получать подарки от мужчин. Только вот не у каждого мужика получается в праздник быть дамским угодником. При этом и до смешного нередко доходит! Действительно, 8 марта – это ответственный праздник для мужчин! Мы решили подарить вам, милые дамы и галантные кавалеры, несколько забавных историй, связанные с 8 марта.


КАК Я СТАЛ ЗЯТЕМ В 7 ЛЕТ



Уже в детстве я был самым настоящим дамским угодником. Когда мне было 7 лет, я подарил на 8 марта соседской девочке, которая мне очень нравилась, большого пупса. На что ее мама сказала мне, что раз я подарил ее дочери ребеночка, то теперь, как честный и порядочный мальчик, просто обязан на ней жениться.

Взрослые тогда очень смеялись над этой шуткой, а мне до сих пор не до смеха. А все потому, что соседка до сих пор называет меня зятьком и на родственных началах просит то рассаду ей на дачу отвезти, то картошку в погреб перетащить. И это при том, что у нее настоящий зять имеется. Правда, отношения у нее с ним не очень.

МОЕЙ «КРЫСЕ» Я ПОДАРИЛ КРЫСУ



Несколько лет назад встречался я с одной барышней по имени Яна. Красивая, стройная и ужасно мечтающая поскорее выйти замуж. Она уже спустя месяц после нашего знакомства начала всячески намекать мне на то, что наши отношения просто необходимо узаконить. Особенно у нее это обострилось с приближением 8 марта.

- Олежка, - сказала она мне, - ты же понимаешь, что женщина без мужа - все равно, что крыса без шляпы.- В смысле? - не понял я. - В смысле, некрасиво это. А я на 8 марта хочу, чтобы все красиво было. Ты меня понимаешь? - Ага, - кивнул я.

В праздник я подарил ей ту самую крысу, о которой она мне говорила. Купил зверюгу в зоомагазине. И даже шляпку для нее добыл (у куклы племянницы своровал). Пусть в жизни моей возлюбленной будет больше крЫсоты, раз уж ей так хочется.

ДЕНЬГИ – ЛУЧШИЙ ПОДАРОК, НО НЕ ТОГДА, КОГДА ИХ МАЛО

Казусы на 8 марта случались не только со мной. Мой друг прошлом году решил не заморачиваться с подарками и вручил своим женщинам деньги: восьмилетней дочке 100 рублей, жене и теще - по 2000.

Увидев деньги, девочка разрыдалась. Когда другу удалось успокоить свою дочу, он начал допытываться у нее, почему она плачет. Оказалось,



из-за того, что если б папа дарил ей на каждое 8 марта по 100 рублей, то у нее уже накопилось бы 800. И этих денег ей бы как раз хватило на подарок ее мечты. А поскольку нужной суммы у нее сейчас нет, значит, она без подарка в праздник осталась. Чтобы исправить ситуацию, друг вытащил кошелек и дал дочке недостающие 700рублей. Девочка на радостях запрыгала и засобиралась в магазин. Не успел друг вздохнуть с облегчением, что разрулил сложную ситуацию, как услышал за своей спиной громкий плач. На этот раз в два голоса рыдали его супруга и теща...

ОСТОРОЖНО С РЕПЛИКОЙ?

Однажды, отмечая 8 марта на работе, наш главный бухгалтер едва не поплатился жизнью за неудачную реплику. Барышни весело отмечали свой женский день, не забывая при этом, почаще поднимать свои бокалы. Тосты за прекрасных дам сыпались как из рога изобилия.

Одна из сотрудниц произнесла такой тост:

- Женщины - они как цветы. Мужчины же - это вода. Так выпьем же за то, чтобы чаще менять воду в вазе. Дамы, естественно, были в восторге от услышанного , но тут свои пять копеек вставил наш главбух:

- Хоть меняй воду в вазе, хоть не меняй, все равно завянут...

После этих слов дело чуть до мордобоя не дошло. Вопрос к кому?

ДУХИ - ОТЛИЧНЫЙ ПОДАРОК, НО ЕСТЬ НЮАНСЫ...



Мой приятель Олег тоже как-то дал маху 8 марта. Повел он свою девушку в праздник в магазин парфюмерии. Купил ей там подарок - духи, которые она себе выбрала (в пределах заранее оговоренной суммы, разумеется). Дама была довольна, все шло хорошо. Вдруг, проходя мимо зоомагазина, Олег вспомнил, что у его обожаемого кота Берта сегодня День рождения. Такое вот неожиданное совпадение!



Он предложил возлюбленной зайти в магазин и, раз уж он об этом вспомнил, купить подарок и коту (которого, к слову сказать, его пассия недолюбливала). Там Олег выбрал для Берта крутой игровой уголок с мягким домиком и когтеточкой. Увидев чек за покупку, девушка сильно разозлилась. А все потому, что подарок усатому стоил в два дороже, чем купленные ей духи. Вот так и пришлось моему другу проводить романтический вечер 8 марта наедине с Бертом.

(источник Дзен ру)

ЧЕЛОВЕК И ЗАКОН

СУДЕБНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА

Судебно-экономической экспертизы в Республике Казахстан является важным аспектом построения справедливого и правового общества.

Как известно из уголовно-процессуального, гражданско-процессуального и административного законодательства, назначение экспертизы является средством получения доказательств. Судебно-экономическая экспертиза является основным доказательством при расследовании преступлений в сфере экономики. Назначение судебно-экономической экспертизы является важным следственным действием, от четкого и правильного проведения которого во многом зависят качество и сроки расследования по делу. Производство экспертизы представляет собой процессуальное действие, состоящее в исследовании экспертом по заданию следователя или суда вещественных доказательств и иных материалов с целью установления фактических данных и обстоятельств.

Назначаются эти экспертизы, правоохранительными органами по расследованию дел и судами в результате возникновения споров, когда решаются вопросы экономики в правоотношениях. Целями судебно-экономической экспертизы является исследование действительного финансового положения предприятия, выявление ошибок или намеренного подлога документации, установление нарушений при ведении бухгалтерского и налогового учета, а также предупреждение правонарушений в хозяйственной деятельности организаций.

Проведение экспертизы должно происходить в соответствии с уголовно-процессуальным, гражданско-процессуальным законодательством и иными нормативными актами Республики Казахстан, регулирующими судебно-экспертную деятельность, и не должно нарушать прав участников процесса, так как доказательства, полученные с нарушением закона, признаются не имеющими юридической силы и не могут быть положены в основу обвинения, а так же использоваться для доказывания обстоятельств. Заключение эксперта, так же как и любое другое доказательство, не имеет заранее установленной силы и должно оцениваться в совокупности с иными доказательствами.

Судебно-экономическая экспертиза в Республике Казахстан получила законодательное признание с момента независимости страны. Законодательство, регулирующее эту область, постоянно совершенствуется и адаптируется к современным требованиям. Одним из важных шагов в развитии судебно-экономической экспертизы стало принятие Закона «О судебно-экспертной деятельности в Республике Казахстан» в 2015 году. Этот закон установил основные принципы и порядок проведения экспертизы, а также определил права и обязанности экспертов.

Судебно-экономическая экспертиза, как в уголовном, так и в гражданском судопроизводстве назначается прокурором, следователем, органами дознания, судом и кроме того по заявлению физических и юридических лиц.

Назначить судебно-экономическую экспертизу, а также получить информацию по назначению и проведению экспертиз и исследовании можете по адресу: область Жетісу, город Талдыкорган, поселек Отенай, улица Жасулан 2Б. Тел/факс: 8(7282) 41-04-21.

КУРМАНБАЕВА М.Ж.
Старший эксперт лаборатории судебных экспертиз по области Жетісу.

Бейсенбі - Четверг, 13 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 Телехикая «Пәленшеевтер-2»
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «Том Сойер»
09.30 Сериал
11.30 «Тамаша»
12.00 «Көзқарас»
12.30, 21.45 Телехикая «Келінжан-5»
13.15, 19.00 Телехикая «Жаңбырлы ұмыр»
14.00, 20.00 Телехикая «Бахар»
16.00, 23.45 Сериал
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
22.45 Сериал

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00, 01.45 «П@утина»
07.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 «Чего хотят женщины»
13.00 «Пусть говорят»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike» бағдарламасы
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.35 «Знахарь. Охота без правил»
00.20 Ночной кинотеатр. «Женское дело»
01.15 «НОВОСТИ»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Қоштасқым келмейді»
09.50 Вечерние новости
10.30 «Вскрытие покажет»
12.30 «Лимитчицы»
17.40 «Сашка»
17.30 «Реальная мистика»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат», ток-шоу
21.00 Вечерние новости
21.40 «Лимитчицы»
23.50 «Военная полиция»
01.50 «Маруся»
02.35 «Сашка»
03.20 «Қоштасқым келмейді»
05.20 «Астарлы ақиқат»
06.05 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Жетісу әуендері»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Шаңырақ»/ тікелей эфир
13.20 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Мақсатына жеткендер»
14.30 «Агро аймақ»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Өзекжарды»
17.00 «Аман болайық»
17.40 «Әсем әуен»
17.50 «Ұстаз»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Шыңыраудан шыңға»
19.15 «Жетісу әуендері»
19.30 «Ащы да болса...»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Біз жанбасақ»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіл»
06.50 Информбюро (рус., каз.)
08.00 «Куба»
09.00 «Великий Человек-паук»
09.40 «Айданарлар шайқасы»
11.00 «Тамаша Live»
11.30 «TikTok show»
12.10 Сериал «ОЛЬГА»
13.10 «Рэмбо-4»
15.00 «Быстрее пули»
17.10 «Ордер на смерть»
19.10 Сериал «Ольга»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 «Час расплаты»
23.30 «Айданарлар шайқасы»
00.00 «31 әзіл»
01.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Time Vine»
03.00 «TikTok show»
03.20 «What's up?»
03.40 «Әзіл студио»
04.00 «31 әзіл»
04.30 Тележоба
05.00 «What's up?»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 «Бастық боламын»
07.10, 17.00, 18.20 «Абысындар-2»
09.10, 01.50 Жаңалықтар
09.30, 02.10 Новости
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 «Бесценное время»
13.00, 22.40 «Гюльчатай»
15.00 Сериал «В плену у прошлого»
16.00 Телехикая «Сезім үшін»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
20.30 «Маска Kazakhstan»
02.40 Телехикая «Няня Man»
03.10 Q-елі
03.40 «Алло, бұл кім?»
04.00 «Жеңіп көр...»
04.30 «Қуырдақ»
05.50 Үзіліс

Жұма - Пятница, 14 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 «Пәленшеевтер-2»
07.00 «Оян!»
09.00 «Том Сойер»
09.30 «Зимородок»
11.30 «Neосеть»
11.50 «Fact check»
11.55 «Бір кітап»
12.00 «Дәстүр»
12.45,21.45 «Келінжан-5»
13.25,19.00 «Жаңбырлы ұмыр»
14.00,20.00 «Бахар»
16.00,23.45 «Триггер»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
22.45 «Перекресток»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «П@утина»
07.00«Koremiz-шоу»
08.00«Қайырлы таң,Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро,Казахстан!»
10.05 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся»
11.50 «Чего хотят женщины»
13.00 «Пусть говорят»
14.00«Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike»бағдарламасы
18.30«Басты жаңалықтар»
19.00«Koremiz-шоу»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент онлайн»
20.50 «Поле чудес»
22.05 «Знахарь.Охота без правил»
01.40 «Новости»
01.50 «Жаңалықтар»
02.05 «П@утина»
02.50 «Басты жаңалықтар»
03.20 «Той базар»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Қоштасқым келмейді»
10.00 «Вечерние новости»
10.40 «Вскрытие покажет»
12.30 «Лимитчицы»
14.40 «Сашка»
17.30 «Реальная мистика»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние Новости
21.40 «Принц и Нищая»
01.20 «Маруся»
02.05 «Сашка»
02.50 «Қоштасқым келмейді»
05.20«Дау-дамайсыз»
06.05 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Біз жанбасақ»
11.40 «Әсем әуен»
12.00 «19 регион»
12.30 «Әсем әуен»
13.00 «Зейнепапаныңәңгімелері»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Шыңырауданшыңға»
14.15 «Жетісу әуендері»
14.30 «Ащы да болса...»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.45 «Шіркін-ай»
18.00 «Айтыс»
18.15 «Жетісуәуендері»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Достың пашағаты»
19.30 «Абадан»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Менің балалық шағым»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30«31 әзіл»
06.50«Информбюро»
08.00 «Буба»
09.10 «Великий человек паук»
09.40 «Айдаһарлар шайқасы»
11.00 «Тамаша live»
11.30 «Тик ток»шоу
12.10 «Ольга»
13.00 «Ордер на смерть»
15.00 «Неоспоримый-2»
17.00 «Неоспоримый-3»
20.00 Информбюро
21.00 «Обитель зла-4»
22.50 «Айдаһарлар шайқасы»
00.20 «31 әзіл»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Тайм вайн»
03.00 «Тик ток»шоу
03.20 What 's up?
04.00 «Әзіл студио»
04.20 1001 Әзіл
04.30 «BALA BATLLE»
05.00 What 's up?
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02«Бастық боламын»
07.10, 03.35«Q-елі»
07.10,17.00,18.20 «Абысындар-2»
09.10,01.20Жаңалықтар
09.30,01.40 Новости
10.00,20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00,21.00«Бесценное время»
13.00«Гюльчатай»
15.00 «В плену у прошлого»
16.00 «Сезім үшін»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
22.40 «Фактор страха»
00.00 «Маска Казахстан»
02.10 «Няня Man»
02.40Алло бұл кім?
03.30Q-елі
03.50 «Жеңіп көр»
05.00 «Қуырдақ»
05.50 Үзіліс

Сенбі - Суббота, 15 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Ұлы дала жүрегі»
07.00 «Оян!»
09.00 «Культурный контекст»
09.30 «Индюки назад в будущее»
10.55 «Панда и киви»
12.00,21,00 «Великолепный»
14.00 «21 ғасыр көшбасшысы»
15.00 «Қызық таймс»
16.00,23.00 «Казахи против пришельцев»
18.00 «7күн»
18.45 «Біздің назарда»
19.15 «Covershow»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той Базар»
07.30«П@утина»
09.00 «Qаймақ»
09.35 «Мотыльки»
13.35 «Утраченные воспоминания»
17.20 «Красотка в ударе»
19.00 «Koremiz»шоу
20.00 «Асау жаңалықтар»
20.30 «Заң мен ел»
20.55 «Платье из Маргариток»
00.25 «Снегирь»
02.20 «П@утина»
03.00 «Той базар»

КТК

07.05 Мерекелік концерт
08.00 «Закира»
09.00 «Өнерлі отбасы»
09.50 Вечерние новости
10.30 «Принц и нищая»
14.30 «Реальная мистика»
17.35 «Алдараспан»
21.00 «Требуется мама»
00.55 «Маруся»
02.25 «Сашка»
03.15 «Сүйіп қалдым»
04.20 «Закира»
05.10 «Өнерлі отбасы»
05.50 «Мерекелік концерт»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Жетісу әуендері»
12.00 «Біздің өңір»
12.30 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 М/ф «Қажымұқан»
14.30 «Абадан»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 «Аман болайық»
15.45 «Әсеміәуен»
17.00 «Шашу»
17.35 «Тарихнама»
17.40 «Мен сені іздеймін»
18.00 «Ділмар»
18.40 «Келіп көр»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.40 «Менің анам»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 «Апта» (Жетісу облысы)
21.00 «Апта» (Алматы облысы)
21.30 «Апта» (Область Жетысу)
22.00 «Апта» (Алматинская область)
22.35 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Time Vine»
07.30 «TIK TOK show»
08.00 «Буба»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Өнер қырандары»
12.30 «Жыным сол»
14.30 «Паутина Шарлотты»
16.30 «Ледниковый период-4»
18.20 «Пираты Карибского моря.Проклятие черной жемчужины»
21.00 «Новый человек-паук»
23.40 «Час расплаты»
01.50 «Bizdin show»
03.00 «Time Vine»
03.20 «31 әзіл »
04.20 Тик ток шоу
04.40 «Әзіл студио»
05.00 «1001 әзіл»
05.10 BALA BATTLE
05.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.02 «Бастық боламын»
07.00,18.00 «Абысындар-2»
09.00 ЮМОР!ЮМОР!ЮМОР!
10.00 «Великолепный век. Хюррем»
12.30,21.00 «Бесценное время»
14.10 «Двойная ложь»
16.10 «Фактор страха»
22.40 «Фактор страха»
00.20 «Әйгерім Сейфолла»
01.20 «Няня man»
02.10 Q-елі
02.50 Жайдарман
03.50 «Жеңіп көр»
04.50 «Қуырдақ»
05.52 «Үзіліс»

Жексенбі - Воскресенье, 16 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Жырым мені ешқашан өлтірмейді»
07.00 «Оян!»
09.00 «Индюки назад в будущее»
10.30 «Планета 51»
12.00,21.00 «Сердце из стали»
14.00 «Мейрамбек Бесбаевпен»
15.30 «ОйнаIQ»
16.30,23.00 «Тақия.Что в ее голове?»
18.00 «7 күн»
18.45 «Народный контроль»
19.00 «Алғашқы»
20.00 «Қызық таймс»
00.30 «Әке бақыты»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
08.00 «Паутина»
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 «Квартирантка»
10.45 «Коммуналка»
14.25 «От любви до ненависти»
18.10 «Барс и Лялька»
20.00 «Аналитика»
20.45«Чужой грех»
00.15 «Фантастика»
02.00 «Паутина»
02.45 «Той базар»

КТК

07.05«Мерекелік концерт»
07.15 «Алдараспан»
09.50 «Требуется мама»
13.50 «Өмір сынақ»
17.00«Дариға жүрек»
20.00 «Кел,шырқайық!»
21.00 «Әнім сен едің»
22.00 «Портрет недели»
23.00 «Инсайт»
01.00 «Маруся»
02.40 «Кел шырқайық!»
03.30 «Дариға жүрек»
06.10«Мерекелік концерт»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 «Апта» (Жетісу облысы)
09.30 «Апта» (Алматы облысы)
10.00 «Апта» (Область Жетысу)
10.30 «Апта» (Алматинская область)
11.00 «Домбыра»
11.40 «Менің анам»
12.00 «Ділмар»
12.45 «Шашу»
13.30 «Келіп көр»
13.45 «Ұлт ұяты»
14.25 «Мақсатына жеткендер»
15.00 «Шаңырақ»
15.55 «Әсеміәуен»
17.00 «Шашу»
17.35 «Тарихнама»
17.40 «Алтын балық»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Абадан»
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
19.50 «Тарихнама»
20.00 «Түркістанжүрегімде» телехикаясы
22.00 «Шіркін-ай»
23.05 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00«Әзіл студио»
07.00«Time Vine»
07.30«TIKTOKshow»
08.00 «Буба»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинго»
10.25 «Тамаша лайф»
10.35 «Паутина Шарлотты»
12.30 «Ледниковый период-4»
14.30 «Пираты Карибского моря проклятие черной жемчужины»
17.30 «Новый человек-паук»
20.10 «Телохранитель Киллера»
22.20 «Обитель зла-4»
00.20 «Өнер қырандары»
02.20 «31 әзіл»
02.50 «Тик ток» шоу
03.20 Тайм вайн
03.50 1001 әзіл
04.00 BALA BATTLE
04.30 What's up?
05.00 «Әзіл студио»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 «Бастық боламын»
07.00,18.00 «Абысындар-2»
09.00 «Юмор!Юмор!Юмор!»
10.00 «Великолепный век. Хюррем»
12.30,21.00«Бесценное время»
14.10 «Двойная ложь»
16.10 «Фактор страха»
22.40 «Супер келіншек»
00.40 «Динара Сатжан»
01.40 «Няня Man»
02.30 «Q-елі»
03.40 «Жеңіп көр»
04.50 «Қуырдақ»
05.52 «Үзіліс»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Жауапкершілік жетелеген жайсаң жан

Табиғатта таулардың тұтастана тұлғаланып, айбарланып, асқақтап көрінетіні сияқты өмірде де адамдардың қатар жүріп араласқан замандастарымен заңғардай биіктен танылып, қадір-қасиеті арта түсуінде де бір заңдылық бар шығар тегі. Акжал жері талай маңызды тұлғаны дүниеге әкелген. Туған елінің гүлденуі үшін адал еңбек етіп, нар жүгін көтерген нағыз бураша бұрқыраған абзал азамат Өмекең-алыста жүрсең амандығын тілеп, жақында болсаң шұрқыраса табысып, емін-еркін әңгімелесіп шеріңді тарқататындардың бірі. Адам елеусіз тозаң сияқты із-түзсіз құрып кету үшін тумайды, болашақ ұрпағына, адамның ой дүниесінде із қалдыру үшін туады.



Құт-берекелі Акжалдың киелі топырағында Өмірсерік 1955 жылы қарапайым отбасында туып,арқаның шалқар самалына кекілін сүйдіріп, арда өскен адамның етек-жеңінің даламыздай кең болуы табиғи құбылыс.

Өмірсерік өз өмірін, жасаған еңбегін ел болашағына арнап, барлық білімін, тәжірибесін сол жолға жұмсап келеді. Сөзі мен ісінде алшақтық болмады. Өмірдің бейнеті мен зейнетін қызу шабытпен, түзу бағытымен, алған бетінен айнымай, ауыспалы кезеңдерде ауытқымай, адаспай, ел келешегіне сарабдал оймен қарап, заман ағысын қатесіз аңдай білді.

Елімізде жоғары қызметтер атқарған Нұртас Оңдасыновтың тектілік қасиетін, оның атқарған ісін, халқына адалдығы мен қолының, арының, жүзінің таза болғанын мысалға келтіреді. Адамның іске, сеніп тапсырылған міндетті жауапкершілікпен жүзеге асыруы жоғары адамгершілік қасиетінің көрінісі.

Дүниеде болып жатқанның бәріне баға беретін уақыт. Күтпеген жерден өзгеріп тұратын қоғам мен заманға, жалпы адамға деген қарым-қатынасына қарай азаматты көпшіліктің көз алдында өсіретін де, ертеңгі күні біржолата өшіретін де сол бір құдірет. Шет өңірінде уақыттың сынынан өткен қазақ әдебиеті тарихындағы шоқтығы биік тұлғалар ешқашан тот баспайтын асыл тастай көңілдерде жарқырай түседі.

1963 жылы Өмірсерік қазіргі Шәрбан Батталқызы атындағы орта мектепке оқуға барып, мектепті аяқтаған Өмірсерік Алматыға келіп, сынақтап өтіп, Алматы педагогикалық институтына түсіп, ойдағыдай тарих факультетін аяқтап, дипломын алды. Институтты бітірген соң, Қазақ КСР Ішкі істер министрлігінде, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі шаруашылық басқармасында, Қазақстан КП Орталық Комитетінің шаруашылық бөлімінде, Қазақ КСР мемлекеттік құрылыс комитетінде, Қазақстан театр қайраткерлері Одағында, Қазақ КСР Ғылым академиясында, Қазақстанның шет елдермен достық және мәдени байланыс қоғамында, Қазақстан актер үйінің тұңғыш директоры, Алматы-Болашақ баспаханасында жауапты қызметтер атқарып еңбек демалысына шыққан.



Біреулерге мансап мәртебе болып көрінсе, мемлекеттік істер, еліне қалтқысыз қызмет Өмірсерік үшін перзенттік парыз, азаматтық міндет тұрғысынан бағаланған. Өрқашан білек сыбана кірісіп қажыр қайратыңды сарқып жұмсап тындырған істерің бір төбе болып тұрады. Оның игілігін қарапайым адамдардың одан қуаныш тапқанын көріп, мерейің өсетіні бар. Сол жақсылықтың жалғасып жатқанын сезінсең көңілің бір сергіп қалады.

Жасында төңірегіне жарығы түсетін, жылуын таратып, жадырап жүретін. Өмірінде өзі қызмет атқарған мекемелерде парызын осы ұранмен атқарды. Ешкімге қызметін бұлдап астамсып көрмеді. Үлкен, кіші демей, басқа ұлт демей ізет сақтап, алаламай сыйлайтын еңбекке іскер, қоғамда қамқор, ортада ақпейіл, көрегенді азамат болды.

Біз Өмірсеріктей азамат тыңғылықты ісімен абыройлы болғанына мақтаныш еттік. Азаматты ардақтау жақсылығы мен кісілік келбетіне, еліне еткен қызметіне берілетін баға. Қиын кезде, ауыр істен де тайынбай арлы болуды биік санап, өмірге келгеннен кейін адамша өмір сүру парыз. Ондай адамдар бойында ақ көңілмен айналасына шуақ шашып жүретін әрбір әрекетінде үлкен бір сыр жатқандай тереңдікпен жастарға үлгі бола білген, өнегелі еңбекпен жетістікке жеткен, маңдай теріңмен, ұзақ жылғы қызметі ескеріліп көптеген грамоталармен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Жерлестері әруақытта мақтан тұтады.

Жүрген жеріне айшықты із қалдыру екінің бірінің маңдайына жазылған енші емес. Бүгінде 70 жасқа толып отырған Өмірсерік еңбек пен кәсіптің құндылықтарын іс жүзінде ілгерілетіп, даңғойлық, жалқаулық, немқұрайдылықтан жастарды арылту мақсатында қауырт істердің басы-қасында жүргеніне сүйсінесің.

Ауыл - қазақтың алтын бесігі. Өзінің балдәурен кезін өткізген, әліппені танып білім алған алтын ұя мектебін аңсаған азамат, ауылдың барлық тіршілігі, хал-жағдаймен құлақдар болып тұру перзенттік парыз деп сағынышпен еске алады.

Қадырсіз жеңіл заттың су бетінде қалқып өтетіні, ал асылы салмақтысы су түбіне шөгетіні тәрізді Өмекең ауылдастары, туыстары жүрегінің тереңінен орын алған. Қазақ ұяда көргенін ілген баланы жасынан бұлақтай мөлдір, таза болып өмір сүруге, өнегелі де инабатты, арожданы жоғары, намысқой етіп тәрбиелеп келеді. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, үлгі-өнеге арқылы адамгершілік қағидаларды бала орындауға және білуге міндетті болды. Жаны, жүрегі таза, адал ұрпақ ақиқатты ардақ тұтады.

Өмірсерік елдің тарихын, елін, ата баба тегін білу, ел басына қиыншылық түскен заманда туған жер байлығына көз тіккен жат жұрттан елі мен жерін қорғай білген бабалар есімдері ұрпаққа ұран болған, ерліктерін жастарымызға насихаттауда ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білді.

«Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» - деп көрсетілген еліміздің саяси стратегиялық бағыттарында әрбір адамның жеткен жетістігі, жиналып бір мемлекеттің жетістігін құрайды деп көрсетілген. Жетістікке жету жолдары білім мен біліктіде болғаны жастардың көңіліне қонымды.

Өмекең бүгінде шалғайда жүрсе де, тіршілік жағдайында кездесетін ауыртпалықтар мен қиыншылықтарға, қуаныш сәттерді жерлестерімен бірге бөліседі. Бал даурен балалық шақты бірге өткізген, он жыл бірге оқыған сыныптастарының сағынышы мол жастық шақ бүгінде естен кетпес.

Қазақ халқы ғасырлар бойы тек азаттыққа, тәуелсіздікке ұмытылмай, әрдайым ұрпақ қамын да бір сәт жадынан шығармаған. «Ертеңін ойламағанның болашағы жоқ» - деген екен. Тамыры терең ұлттық тарихымыздан басталатын ата-баба аманаты - ұлт өмірін өркендетуші саналы да салауатты, ұлтжанды, рухы биік парасатты ұрпақты тәрбиелеу. Серікбек пен Ғалым есімді ұрпақ тәрбиелеп немере сүйген жан. Ұлдары жоғарғы білімді, әр салада қызмет атқаруда, Бүгінде мейірімсіздік, жемқорлық дерті кесірінен ашкөздік пен тоғышарлық, жарамсақтық пен немқұрайдылық басты. Пейіл тарылып, сөз қадірін аяққа басып, майдаланып бара жатқан жай қабырға қайыстырады. «Қазақ тарих сахнасында өз орнын алу керек. Өзің, сөзің, ниетің таза, іс-әрекетті тазалыққа бағышта» - дейді Өмекең. Өмірінде жауапкершілік жетелеген жайсаң жан, тамыры терең, берер сабағы мен мол тағдыр кешкен, аянбай еңбек еткен, жолдас жора жүрегіне жол тапқан Өмірсерік 70 жас мерейтойында ұзақ өмір тілейміз!

Нұрлан ЕРДӘУЛЕТҰЛЫ,
ҚР Журналистер Одағы мүшесі

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕРЕКЕ

ӘР ОТБАСЫНЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Ардақты әжелер, аяулы аналар, қымбатты қыздар, қадірлі ұстаздар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұрқұйып, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Көктемнің шуақты күндерімен қатар келіп жатқан төл мерекелеріңіз құтты болсын! Осынау көркем мерекенің қайкезде де орнықбөлек. Олай болатыны, аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар – өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі.

Орай келгенде осы мерекенің қалай пайда болғандығы жайлы дереккөздерге сілтеме жасай отырып, айта кетсек артық болмас деп ойлаймын.

Дереккөздердің баяндауынша, Мереке тарих сахнасына әйелдер құқығы үшін күресу күні ретінде шыққан екен. 1857 жылы 8 наурыз күні Нью-Йоркте тігін және аяқкиім фабрикаларының жұмысшы әйелдері манифестке жиналып, олар 10 сағаттық жұмыс күнін, жарық әрі құрғақ жұмыс орындарын, ер адамдармен бірдей жалақы мөлшерін талап еткен көрінеді. Әйелдер сол кездері 16 сағат тер төккен еңбектеріне өте аз жалақы алып жүрген екен. Сөйтіп, 1857 жылы 8 наурыздан бастап кәсіподақ мүшелігіне әйелдер де кіре бастапты. 1910 жылы Копенгагенде өткен халықаралық конференцияда Клара Цеткин 8 наурыз күнін халықаралық әйелдер күні ретінде атап өту туралы ұсыныс жасаған екен.

Ресейде бұл мейрамның бастауы 1913 жылы Петербургте қала басшылығына «әйелдер мәселесі» атты өтініштен басталады. Биліктегілер бұл өтінішті қабылдап, Полтава көшесінде орналасқан Калашникова нан биржасында 1,5 мың адам жиналған жиналыста әйелдердің сайлау құқығы, аналық құқықты мемлекет тарапынан қорғау сияқты мәселелерді көтерген.

Кеңес Үкіметі кезінде 8 наурыз мемлекеттік мейрам дәрежесіне көтеріледі. Уақыт өте бұл мейрам саяси мәнін жоғалта бастайды. Кеңес Үкіметі тарағаннан кейін де 8 наурыз мейрамы ТМД елдері арасында әлі де тойланып келеді. Әзірбайжан, Грузия, Қырғыз Республикасы, Молдавия, Ресей, Тәжікстан, Түркменстан, Украина, Беларусь елдерінде Әйелдер күні ретінде аталып өтсе, Армения мен Өзбекстанда аналар күні болып саналады.

Біздің республикамызда да бұл күн 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні ретінде мемлекеттік мереке қатарында атап өтілуде. Қазақстан Республикасы және осы мемлекетті негізгі құраушы ұлт қазақтар – әйел теңдігі мәселесінде әлемде алғашқы қатарда деп нық сеніммен айта аламыз.

Гүлнәр САДЫҚОВА,
Жетісу облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы.

ГЕНДЕР

ӘЙЕЛДЕР БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРА ТҮСУ ЖОЛЫНДА

«Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдігі туралы» Қазақстан Республикасының қабылдаған Заңында ерлер мен әйелдердің мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық саласындағы тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін, Қазақстан Республикасының заңнамаларын жетілдіруді тұжырымдамаларды, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды қабылдау және іске асыруды қамсыздандыру мақсаттары белгіленген. Заңда белгіленген осы мақсаттар мен міндеттерді нақтылы іске асыру, біздің алға қойған міндеттерге аяқ басқандай және оларға қол жеткізгендей, механизмдер мен басты құралдарды іздеуге бағыт береді.

Гендерлік саясат дегеніміз, әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешу болып табылады. Бүгінгі таңда ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің нақты теңдігін қамтамасыз ету – уақыт талабы. Осы мақсатта елімізде жүзеге асырылып жатқан "Гендерлік теңдікке қол жеткізудің стратегиясы" бойынша ерлер мен әйелдерді қоғамның барлық саласында теңестіру көзделіп отыр. Стратегия — мемлекеттің гендерлік саясатын іске асыруға бағытталған негізгі құжат, оны іске асырудың және мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан оның мониторингін жүзеге асырудың құралы, демократияның қалыптасуының маңызды факторы болып табылады.

Мемлекеттің жалпы саясаты мыңжылдықтың даму, соның ішінде елдегі гендерлік теңдікке қол жеткізу мақсаттарын орындауға бағдарланатын болады. Қоғамдық сананың гендерлік парадигмасының ауысуы – бір жыныстың басым болуынан – екі жыныстың серіктестігі мен ынтымақтастығына ауысу жағына бірте-бірте өзгеруі орын алады. Әйелдер өздерінің жеке басының әлеуеті мен адами әлеуетін іске асыра отырып, әлеуметтік дамудың барлық процесстеріне тең дәрежеде қатысатын болады.

Жалпы әйелдер істері жөніндегі ұйымдар қағаз жүзінде емес, іс жүзінде жұмыс істеуі керек. Гендерлік саясат ашық түрде насихатталып, тұрмыстық зорлық-зомбылық орын алған отбасы мүшелерімен әңгімелесіп, сотқа дейін жеткізбей шешу, гендерлік саясаттың жүзеге асуына баршамыздың ықпал етуіміз керек.

Динара СИМИЛТАРОВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ!

КӨП БОЛЫП ҚОЛҒА АЛҒАНЫМЫЗ ДҰРЫС

Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін ұдайы жағдай туғызып, қамқорлық жасауда. Лауазымды адамның тіл білмеймін деген сылтауымен құжаттарды сауал салуды, өтініштерді немесе шағымдарды қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ оларды мәні бойынша қарауына жол берілмейді. Сот ісін жүргізу тілі сотқа берілген құжаттардың берілуіне қарай жүргізіледі, әрбір азамат істі өзінің ана тілінде немесе өзі білетін басқа тілде жүргізуді талап етуге құқылы және өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктеме мен жауап беру, өтініш білдіру, шағым жасау, аудармашының қызметін тегін пайдалануға құқылы, сол сияқты онымен қамтамасыз етіледі.

Айта кетерлігі, Тіл туралы заңмен сот ісінің мемлекеттік тілде жүргізілетіндігі нақтыланғанымен, ол деңгейге жете алмай жатырмыз. Сот ісінің толықтай мемлекеттік тілде жүргізілмеуінің өзіндік себептері бар. Мысалы, Азаматтық процестік кодекстің 14-бабында азаматтық істер бойынша сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілетіні, қажет болған жағдайда орыс немесе басқа тілдер қолданылатыны көрсетілген. Яғни, ел заңнамаларына сәйкес, сотқа арыз-шағым қай тілде түссе, іс сол тілде қаралады. Дей тұрғанмен, мемлекеттік тіл қолданысының кеңеюіне азаматтар мүдделілік танытса нұр үстіне нұр болар еді. Сотқа талап арыздар мемлекеттік тілде түссе, ол міндетті түрде осы тілде қаралады.

Сүйсінерлігі сол, кейінгі жылдары мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейте түсу мақсатында сот жүйесінде де пәрменді шаралар жүзеге асырылып жатқаны баршаға аян. Бұл игілікті істі ілгері бастыруға үкімет тарапынан қабылданып жатқан түрлі шаралар жақсы ықпал етуде. Оның үстіне, Мемлекет басшысы да бұл маңызды мәселені ұдайы назарда ұстап, тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы, мемлекеттік мекемелерде қазақ тілін оқып үйретуді дұрыс жолға қою болып табылатыны сөзсіз.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келді деп есептеймін. Бірақ, мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», - деп атап көрсетті.Сондықтан, көп түкірсе көл дегендей, бұл маңызды мәселені көп болып қолға алсақ, оңды нәтижеге жетуге болары даусыз.

Айгүл КӘЛПЕБАЕВА,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

ЗАҢ ТАЛАБЫ

ЕҢБЕК ШАРТТАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ДАУЛАР

Қазіргі кезде азаматтар өздерінің еңбек құқықтық қатынаста бұзылған құқықтарын сот арқылы қорғауды жөн көреді. Өйткені, соттың ашықтығы, ақпараттың жеткіліктілігі, құқықтық сауаттың артуы судьяларға деген сенімді нығайтты. Алайда ҚР-ның Еңбек кодексінде және «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» ҚР-сы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы №9 нормативтік қаулысында шағын кәсіпкерлік субъектілерін, үй жұмыскерлерін, заңды тұлғаның атқарушы органының басшыларын және заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының, сондай-ақ заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органының басқа да мүшелерін қоспағанда, Еңбек кодексінде көзделген еңбек шарттарынан, ұжымдық шарттардан және жұмыс берушінің актілерінен туындайтын, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану мәселелері жөніндегі жеке еңбек дауларын – келісу комиссиялары мен, ал онымен реттелмеген мәселелер бойынша не келісу комиссияларының шешімдері орындалмаған кезде соттар қарайтындығы көзделген.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 21-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, еңбек қатынастары жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында заңға сәйкес жасалатын еңбек шартының негізінде туындайды. Яғни, заңда жұмыс берушінің де, жұмыскердің де құқықтары мен міндеттері нақты белгіленген.Алайда, көптеген жұмыс берушілер - мекемелер, ұйымдар, жеке кәсіпкерлер заңда белгіленген талаптарға қайшы әрекеттерге жол береді. Іс материалдары бойынша жұмыс берушілер жұмыскермен еңбек шартын жасаспайды, жұмысқа қабылдау туралы құжаттар рәсімделмейді, төленуі тиісті еңбек ақыны кешіктіріп, ай сайынғы міндетті төлемдер жүргізілмейді.

Еңбек дауының ұжымдық және жеке сияқты екі түрі бар. Жеке еңбек дауы - қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек туралы заңдарды қолдану мәселелері жөніндегі, жұмыс беруші (жұмыс беруші өкілі) мен қызметкер (қызметкер өкілі) арасында бұрын реттелмеген жеке еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарын орындау туралы келіспеушіліктер.

Еңбек даулары екі сатыда - тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қаралады. Тараптардың келісімімен еңбек дауларын келісім комиссиясы қарауы мүмкін. Келісім комиссиясы арыз берушінің өтінішін ол берілген күннен бастап үш күн мерзімде қарайды. Оны қарау нәтижелері бойынша келісім комиссиясының шешімі қабылданып, арыз берушіге беріледі. Келісім комиссиясының арыз берушінің талабын қанағаттандырған шешімін қарсы тарап үш күн мерзімде орындайды. Егер де қызметкер келісім комиссиясының шешімімен келіспесе үш айдың ішінде еңбек дауы бойынша сотқа арыздануға құқығы бар.

Ермек ДҮЙСЕМБАЕВ,
Текелі қалалық сотының судьясы.

СОТ АКТІЛЕРІ

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕРДІ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ

Сот актілері, апелляциялық шағым беру және наразылық келтіру мерзімі аяқталған соң, егер шағым берілмесе немесе наразылық келтірілмесе, орындауға беруге жатады. Сот актілерінің орындауға берілуін бақылауды аудандық соттың төрағасы және төрағалық етумен істерді қараған судьялар, сондай-ақ кеңсе меңгерушісі жүзеге асырады. Сот актісінің орындалғаны туралы хабарлама істерге, материалдарға қоса тіркеледі. Сот актісінің орындалуы туралы хабарлама түспеген кезде тоқсанына кемінде бір рет еске түсіру жіберіледі. Үкімді, қаулыны, шешімді немесе ұйғарымды орындауға беруге байланысты әрекеттер туралы міндетті тәртіппен істің анықтамалық парағында белгі жасалады.

Қылмыстық істер бойынша сот үкімдері, егер оларға шағым берілмесе немесе наразылық келтірілмесе, апелляциялық шағым беру немесе наразылық келтіру мерзімі өткен соң заңды күшіне енеді және орындауға беріледі. Сотталғанның мүлкін тәркілеу және айыппұлды мемлекет табысына өндіру туралы үкімдер бойынша атқару құжаты, сот актісінің көшірмесі, не соттың мөрімен куәландырылған одан үзінді көшірме, және мүлік тізімдемесінің көшірмесі орындау үшін тәркілеуге жататын мүліктің орналасқан жеріндегі атқарушылық іс жүргізу органына жіберіледі. Істе мүліктің тізімдемесі болмаған кезде атқару құжаты мүлік тізімдемесі жасалмағаны туралы анықтамаларды қоса тіркей отырып, сотталғанның соңғы тұрған жеріне жіберіледі. Егер істе мүліктің жоқтығы туралы акт болса, онда атқару құжатына куәландырған анықтама қоса беріледі.

Азаматтық істер бойынша сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағы жазылады, ол өндіріп алушыға беріледі не оның жазбаша арызы бойынша сот орындау үшін тиісті әділет органына не жеке сот орындаушысына орындау үшін жібереді. Бұл ретте атқару парағына аудандық соттың мөрімен куәландырылған сот актісінің көшірмесі (үзіндісі) қоса тіркеледі.

Атқару құжаты судьяның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылатын электрондық атқару құжаты нысанында жазылып берілуі мүмкін. Атқару құжаты электрондық атқару құжаты нысанында жазып берілген жағдайда, сот актісінің көшірмесі не оның үзінді көшірмесі судьяның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында қоса беріледі.

Айнұр ЕСТАЙ,
Қонаев қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗДОРОВЬЕ

МЕРОПРИЯТИЯ В РАМКАХ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ АКЦИИ

АО «НАУЧНЫЙ ЦЕНТР ПЕДИАТРИИ И ДЕТСКОЙ ХИРУРГИИ» ПРИ ПОДДЕРЖКЕ ФОНДОВ «HELP TODAY» И «ABFOND ИМ. АСЕЛЬ БАЙСЕИТОВОЙ» ПРОВОДИЛИ РЯД МЕРОПРИЯТИЙ В РАМКАХ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ АКЦИИ КО ДНЮ МЕЖДУНАРОДНОГО ДНЯ ДЕТЕЙ БОЛЬНЫХ РАКОМ, КОТОРЫЙ ОТМЕЧАЕТСЯ ВО ВСЕМ МИРЕ 15 ФЕВРАЛЯ. АКЦИЯ ПРОШЛА ПОД ЭГИДОЙ «ВМЕСТЕ ПРОТИВ РАКА!». ЦЕЛЬ АКЦИИ — ПРИВЛЕЧЬ ВНИМАНИЕ НАСЕЛЕНИЯ К ПРОБЛЕМЕ ДЕТСКОЙ ОНКОЛОГИИ, РАССКАЗАТЬ О ВАЖНОСТИ РАННЕЙ ДИАГНОСТИКИ, — ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА НЦПДХ.



Международный день детей, больных раком (International Childhood Cancer Day) был объявлен в Люксембурге в сентябре 2001 года во время ежегодной встречи Международной конфедерации организаций родителей детей, больных раком (International Confederation of Childhood Cancer Parent Organisations).Международный день онкобольных детей впервые был проведен в 2002 году. Основная цель проведения Международного дня детей, больных раком, - повышение уровня информированностиврачей-педиатров, всего профессионального медицинского сообщества, социально ответственных граждан всех специальностей об успехах и проблемах детской онкологии.



По этому случаю и в нашей республике традиционно в этот день организовываются различные мероприятия с участием самих пациентов и их родителей, медицинских работников и общественных организаций.

В этой связи и АО «НЦПДХ» совместно с ОФ «HelpToday» и ОО «Союз педиатров» 15 февраля в ТРЦ Форум провели большой благотворительный концерт (в режиме нонстоп) с участием известных артистов и творческих коллективов: группа «Уркер», Кенжебек Нурдолдай, Самат Жангазин, детский творческий центр "MMDANCE", Военный оркестр филиала г. Алматы Национального-патриотического центра и другие. Кульминацией мероприятия стало торжественный проход по красной дорожке пациентов АО "НЦПДХ", победивших рак в раннем возрасте. Всем детям были вручены памятныеподарки и медали. В мероприятии приняли участие более 500 человек, включая детей и их родителей, волонтёров, врачей.



Также прошли праздничные мероприятия для детей:

- флешмоб и концерт для детей с участием врачей, резидентов АО «НЦПДХ»;
- сказочное музыкальное представление театра «Зазеркалье»;
- мастер-классы по гончарному искусству, 3D моделированию;
- мастер-класс по арттерапии, рукоделию;
- посещение мобильного планетария;
- развлекательные мероприятия с аниматорами.

В это же день ОФ «HelpToday» организовал Благотворительную ярмарку с товарами народного потребления, аукцион картин и выставку рисунков пациентов, проходящих лечение в АО «НЦПДХ» и АО «КазНИИОиР».

Основная цель данной акции – дооснащение отделений онкологии и гематологии АО «НЦПДХ» мобильными лекарственными станциями на общую сумму более 7 000 000 тенге.

Также с целью повышения осведомленности общества о детском раке, необходимости поддержки пациентов и их семей, столкнувшихся с тяжелым заболеванием, необходимости ранней диагностики рака в 10 городах республиканского и областного значения в течение недели былидемонстрированы на медиабордах и ЛЭД экранах короткие видеоролики, были выставлены билборды с символикой Международного дня детей, больных раком.

На официальных социальных страницах АО «НЦПДХ» транслировались видеоролики и посты с информацией о симптомах детского рака, о пациентах, излеченных от детского рака, а также специально был снять подкаст.

Аналогичные мероприятия прошли в разных регионах страны.

Специалисты утверждают, что дети со злокачественными заболеваниями станут сильнее, если будут чувствовать поддержку окружающих людей. Так что давайте всегда поддерживать наших детей!

Ш. ХАМИТОВ.

МЕДИАЦИЯ

ОСОБЕННОСТИ МЕДИАЦИИ В СУДЕБНЫХ СПОРАХ

Надо отметить, что с 01 января 2016 года на законодательном уровне путем включения в новый Гражданский процессуальный кодекс, действует судебная медиация. Судебная медиация – примирительная процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами судебного процесса при содействии судьи, осуществляющего примирительные процедуры.

В частности, в ГПК определено содействие мирному урегулированию спора как одну из задач гражданского судопроизводства, а также расширил виды примирительных процедур, к которым, относятся мировое соглашение, соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации, в том числе судебная медиация, и соглашение об урегулировании в порядке партисипативной процедуры. В частности, медиация – форма внесудебного разрешения споров с помощью третьей нейтральной, беспристрастной стороны – медиатора.

Во время процедуры медиации стороны, участвующие в конфликте, самостоятельно приходят к взаимовыгодному решению, опираясь на опыт, знания и умения медиатора. Разрешение споров полностью зависит от воли самих спорящих. Особенностями медиации является то, что процедура гибкая, неофициальная и неформальная. В медиации не выясняется кто прав, а кто виновен. Основная цель медиации – конструктивный поиск решений возникших противоречий. Внедрение медиативных форм разрешения споров окажет позитивное воздействие на судебную систему.

Суд принимает меры для примирения сторон, содействует им в урегулировании спора на всех стадиях процесса.Стороны могут урегулировать спор в полном объеме взаимных требований либо в части, заключив мировое соглашение, соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации или соглашение об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры либо используя иные способы в порядке, установленном Кодексом.Судебная медиация или медиация важна по делам, когда спор (конфликт) сторон может быть исчерпан при изменении предмета и основания иска одновременно.

Таким образом, примирительная процедура позволяет участникам конфликта в более короткие сроки принять решение по спору, избежать судебного разбирательства, сократить судебные издержки, восстановить и сохранить взаимоотношения, и это будет способствовать повышению числа граждан, которые разрешают свой спор мирным путем.

Даурен ЖАНАЙБЕКОВ,
главный специалист-секретарь
судебного заседания
Талдыкорганского городского суда.

СУДЕБНАЯ ЭКСПЕРТИЗА

В современном обществе проблема распространения наркотиков представляет реальную угрозу национальной безопасности любого государства, поэтому активизация борьбы с незаконным оборотом наркотиков рассматривается в настоящее время как одна из основных стратегических задач государственной политики. В сложившейся ситуации борьбы с незаконным оборотом наркотиков требуется комплексный подход со стороны правоохранительной системы, при котором судебная экспертиза наркотических средств играет решающую роль.При этом выполнение этой задачи в значительной мере связано с уровнем использования доказательств в расследовании преступлений.

ДЕЙСТВЕННЫЕ СРЕДСТВА ПОЛУЧЕНИЯ И СОБИРАНИЯ СВЕДЕНИЙ

Одним из самых действенных средств получения и собирания сведений, имеющих значение для расследования, является судебная экспертиза.В этой связи постоянное повышение уровня организации данного вида экспертиз является неотъемлемой частью противодействия незаконному обороту наркотиков.

Одним из самых действенных средств получения и собирания сведений, имеющих значение для расследования, является судебная экспертиза. На подразделения судебной экспертизы наркотических средств и психотропных веществ возложена задача обеспечения органов охраны правопорядка результатами исследования, так как заключение эксперта является одним из главных оснований для возбуждения дела по статьям, связанным с незаконным обращением, хранением и перевозкой наркотиков.

Следует отметить, что данному виду производство экспертизы осуществляется на стадии возбуждения уголовного дела. Такое исследование выполняется в более короткие сроки, чем другие виды экспертизы, что обусловлено оперативной необходимостью следственных действий и применения санкций в отношении подозреваемых лиц. Основной задачей на стадии возбуждения уголовного дела, которую решают эксперты является диагностика, то есть установление вида наркотика и его массы.В дальнейшем наряду с диагностическими задачами судебные эксперты решают задачи идентификационного характера, которые заключаются в установлении единого источника происхождения веществ. Решение идентификационных задач является доказательной базой при обвинении по статьям, связанным со сбытом наркотических средств.

Жанар МУХАТАЕВА,
главный специалист-секретарь судебногозаседания
Текелийского городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ФУТБОЛ

ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ КЕҢЕЙТІЛДІ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА БАС БАПКЕРІНІҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ ӘЛИ ӘЛИЕВ НАУРЫЗ АЙЫНДА ӨТЕТІН ӘЧ-2026 ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНДЕГІ УЭЛЬС (22 НАУРЫЗ) ЖӘНЕ ЛИХТЕНШТЕЙНМЕН (25 НАУРЫЗ) ОЙЫНДАРҒА ШАҚЫРЫЛҒАН ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ТІЗІМІН ЖАРИЯЛАДЫ, - ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ SPORTS24.



Тізімге 36 ойыншы енді. Ойыншылардың нақты тізімі шыққанға дейін өзгерістер болуы мүмкін.

Қақпашылар: Мұхаммеджан Сейсен («Астана»), Александр Заруцкий, Темірлан Анарбеков (екеуі де – «Қайрат»), Стас Покатилов («Сабах», Әзербайжан), Дулат Талыспаев («Кеге», Дания);

Қорғаушылар: Әлібек Қасым («Ақтөбе»), Александр Марочкин, Ян Вороговский, Марат Быстров (бәрі – «Астана»), Нұралы Әліп («Зенит», Ресей),Роман Асранкулов («Тобыл»), Еркін Тапалов («Қайрат»), Ұлар Жақсыбаев, Сұлтанбек Астанов (екеуі де – «Ордабасы»), Әділбек Жұмаханов («Елімай»), Мәди Хасейн («Жеңіс»);

Жартылай қорғаушылар: Асхат Тағыберген («Ордабасы»), Рамазан Оразов («Силькеборг», Дания), Бақтиер Зайнутдинов («Бешикташ», Түркия), Эльхан Астанов («Астана»), Ислам Чесноков, Наурызбек Жагоров (екеуі де – «Тобыл»), Серікжан Мужиков, Жан Әли Пайруз (екеуі де – «Елімай»), Ғалымжан Кенжебек («Кошице», Словакия), Алияр Мұхамед («Оқжетпес»), Георгий Жуков («Пуща», Польша), Дінмұхамед Қараман («Жеңіс»), Давид Есімбеков («Жетісу»);


Шабуылшылар: Абат Айымбетов («Адана Демирспор», Түркия), Максим Самородов («Ахмат», Ресей), Айбар Жақсылықов («Қайсар»), Дастан Сәтпаев («Қайрат»), Оралхан Өміртаев («Ақтөбе»), Рамазан Кәрімов («Астана»), Артур Шушеначев («Сочи», Ресей);

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан құрамасы наурыз айында 2026 жылғы әлем чемпионатының іріктеу кезеңі аясында сырт алаңда екі ойын өткізеді. 22 наурызда Уэльс, ал екі күннен соң Лихтенштейнмен матч болады.

БОКС

БОКСТАН БОЛГАРИЯ АСТАНАСЫ СОФИЯДА ӨТКЕН «СТРАНДЖА» ТУРНИРІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ЕРЛЕР ҚҰРАМАСЫ ҮЗДІК НӘТИЖЕ КӨРСЕТІП, ЖАЛПЫ КОМАНДАЛЫҚ ЕСЕПТЕ БІРІНШІ ОРЫН АЛДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ KAZ.NUR.KZ СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ІСТЕРІ КОМИТЕТІНЕ СІЛТЕМЕ ЖАСАП ХАБАРЛАЙДЫ.

ЖАЛПЫ ЕСЕПТЕ БІРІНШІ ОРЫНДА



Бокстан 24 ақпан - 2 наурыз күндері Болгарияда өткен 76-шы «Странджа кубогы» халықаралық турнирі мәресіне жетті.

Қазақстан ерлер құрамасы 5 алтын, 9 күміс, 4 қола медаль еншілеп, жалпы командалық есепте көш бастады. Ал еліміздің әйелдер құрамасы 1 алтын, 6 күміс, 8 қола медаль жеңіп алған.

Биылғы турнирде 20 мемлекеттің боксшысы жүлдеге таласқан. Елімізден 25 ер боксшы (рекорд) өнер көрсеткен. Болгария 19 спортшысын, Өзбекстан 17 өкілін қосқан.

Сондай-ақ биылғы турнирде Қазақстан құрамасы ең үздік көрсеткішін жақсартқан. Бұған дейінгі рекорд 2022 жылы тіркелген – 2 алтын, 2 күміс, 5 қола.

Алтын алған боксшылар: 63,5 келі – Ертуған Зейнуллинов; 67 келі – Төрехан Сабырхан; 71 келі – Аблайхан Жүсіпов; 75 келі – Сабыржан Аққалықов; 86 келі – Бекзад Нұрдәулетов.


Жалпы командалық есепте: Қазақстан – 5 алтын, 9 күміс, 4 қола; Өзбекстан – 5 алтын, 1 күміс, 2 қола; Болгария – 2 алтын, 3 қола; Түркия – 1 алтын;

Осы турнирде 67 килограмға дейінгі салмақта сынға түскен 19 жастағы **Төрехан Сабырхан (суретте)** қарсылас шақ келтірмей, алтын медаль жеңіп алды. Ол алтын үшін жекпе-жекте Әзербайжан өкілі Заур Гахрамановтан 3:2 есебімен басым түскен. Бұған дейін «Странджа» турнирінде 2008 жылы Мерей Ақшалов та 19 жасында топ жарған. Бірақ ай жағынан Төрехан жас саналады. Сондай-ақ Төрехан Сабырхан – «Странджа» турнирінің ең үздік боксшысы да атанды. Бұған дейін осы турнирде бірде-бір боксшымыз бұл атаққа қол жеткізбеген.

КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУ

КОШКИН ҚОС АЛТЫНҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУШІ ЕВГЕНИЙ КОШКИН НИДЕРЛАНДТЫҢ ХЕРЕНВЕН ҚАЛАСЫНДА ӨТІП ЖАТҚАН ӘЛЕМ КУБОГЫНЫҢ КЕЗЕҢІНДЕ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ OLYMPIC.KZ.



Қазақстандық спортшы 500 метр қашықтықта үздік нәтиже көрсетті. Оның уақыты – 34,46 секунд. Мәреге екінші болып канадалық Лорен Дюбрель жетті – 34,51 секунд. Қола жүлдені нидерландтық Еннинг Де Боо иеленді – 34,52 секунд. Айта кетейік, бұған дейін осы Әлем кубогының кезеңінде Кошкин басқа қашықтықта үшінші орын алып, қола медальды қоржынға салған болатын.

Сүйсінерлігі сол, бұл Евгений Кошкиннің екінші алтын медалі. Өйткені, қазақстандық конькиші Польшадағы Әлем кубогы кезеңінде де алтын медаль жеңіп алған еді. Атап айтқанда, Польшаның Томашув-Мазовецк қаласында өткен жарыста Евгений Кошкин 500 метр қашықтыққа жүгіруден жоғары нәтиже көрсетіп, жеңімпаз атанды. Оның мәреге жеткен уақыты – 34,52 секунд.

ӘРТІСТІК ЖҮЗУ

ӘЛЕМ КУБОГЫНЫҢ КЕЗЕҢІНДЕ АЛТЫН АЛДЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ВИКТОР ДРУЗИН ӘРТІСТІК ЖҮЗУДЕН ФРАНЦИЯНЫҢ АСТАНАСЫ ПАРИЖ ҚАЛАСЫНДА ӨТІП ЖАТҚАН ӘЛЕМ КУБОГЫНЫҢ КЕЗЕҢІНДЕ АЛТЫН МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ZAKON.KZ.



Спортшы еркін бағдарламада ең жоғары нәтиже көрсетті. Друзин 127,2000 ұпай жинады.


Екінші орынға грек спортшысы Мариос Критсас (126,6701 ұпай) орналасып күміс медалға қол созса, оның жерлесі тағы грекиялық Стылянос Фускис қола медальды қанжығалады – 123,9413 ұпай.

Айта кетейік, бұған дейін осы жарыс аясында Эдуард Ким техникалық бағдарламада күміс жүлдегер атанған еді.

КҮРЕС

АЛБАНИЯДАН СЕГІЗ МЕДАЛЬМЕН ОРАЛДЫ

ТИРАНАДА (АЛБАНИЯ) КҮРЕС ТҮРЛЕРІНЕН ІРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР АЯҚТАЛДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ OLYMPIC.KZ.



Аталмыш жарыста Қазақстан құрамасы сегіз медаль жеңіп алды. Жалғыз алтынды Жәмилә Бақбергенова (72 келіге дейін) иеленді. Эльмира Сыздықова (76 келіге дейін) әйелдер күресінде қола медальға ие болды.

Грек-рим күресінде Ерасыл Мамырбеков, Ерсін Абыыр (55 келіге дейін) және Бағдат Сабаз (67 келіге дейін) үшінші орынға тұрақтады.

Ұлттық құрама еркін күрестен де үш жүлде жеңіп алды. Болат Сақаев (86 келіге дейін) екінші орын алса, Мұхамед Балғабай (61 келіге дейін) және Рүстем Мырзағалиев (86 келіге дейін) қола жүлде еншіледі.

Суретте: алтыннан алқа таққан бұрымды балуанымыз Жәмилә Бақбергенова.


Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

«Алатау» қоғамдық-саяси газетінің ардагерлері көктемнің көрікті мерекесімен құттықтайды!














Құрметті әйелдер қауымы! Сіздерді Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл күн – сұлулық пен махаббаттың, нәзіктік пен күш-жігердің мерекесі. Сіздер – отбасының, қоғамның, елдің іргетасын қалаушысыздар. Сіздер әр күн сайын әлемді жылы жүздеріңіз бен махаббаттарыңыздың арқасында жайқалтасыздар.

Барша оқырмандарымызға мейірім мен бақыт, денсаулық пен табыс тілейміз! Отбасыларыңызда қуаныш, өмірлеріңізде тыныштық пен бейбітшілік болсын! Көктемнің әсем мерекесі қуаныш, шаттық және ерекше сәттер сыйласын!

БАЙҚАУ

АТАЛАР ЖЕҢІСІ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

МАМЫР

80 ЖЫЛ

«Алатау» газеті 2025 жылдың ақпан айынан бастап 30 сәуірге дейін 1941-1945 жылдардағы соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына арнап Жетісу облысының мектеп оқушылары арасында шығармашылық байқау жариялайды.

БАЙҚАУ ШАРТЫ :

1. Жауынгер аталар туралы жазылған шығарма көлемі А-4 форматы бойынша 3 беттен аспауы керек.
2. Шығарма кейіпкерінің суреті. Кейінгі жылдардағы сурет болса да жарайды.
3. Автордың суреті мен мекен-жайы
4. Суреттер мен шығарманы мына электронды поштаға салуға болады **alatau.offset@mail.ru**
5. Немесе **8-776-970-07-18, 8-771-465-13-13** телефондарының ватсабына жіберуге болады.

Байқау қорытындысы мамырдың алғашқы күндері қорытындалып, жеңімпаздар белгіленеді. Атаңыздың аты өшпесін, қатысыңыз!

КОНКУРС

80-ЛЕТИЮ ПОБЕДЫ ПОСВЯЩАЕТСЯ!

МАМЫР

80 ЖЫЛ

Газета «Алатау» объявляет конкурс школьного сочинения на тему «Мой дед воевал за Родину», посвященный участникам Великой Отечественной войны 1941-45 годов.

УСЛОВИЯ КОНКУРСА:

1. Сочинение о солдате - дедушке с его фото и наградами не должно превышать 3-х страниц формата А-4.
2. Фото героя сочинения с его наградами, можно послевоенное фото.
3. Фото автора и адрес проживания, телефон для связи.
4. Сочинения и фото высылать на Э/почту газеты **alatau.offset @mail.ru** или на Whatsap по номеру:

8-776-970-07-18, 8771-465-13-13.

5. Работы школьников по мере поступления будут опубликованы в газете.

Материалы принимаются до 30 апреля 2025 года. Результаты конкурса будут сообщены до Дня Победы - 9 Мая 2025 года.

Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Талшын ИЕМБЕРДИЕВА – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші
Зарина БЫЖЫБЕК – корректор-журналист

Кезекші редактор: Т.ИЕМБЕРДИЕВА

Alatau

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауаптты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 261
Индекс 15534